

Тексерілді: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қазан айының 1-аптасы**

**Топ:** *Орта топ «Күншуақ»*

**Балалардың жасы:** *3 жас*

**Қандай кезеңге жасалды :** *29.09 – 03.10.2025ж*

**Апта дәйек сөзі:** *Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны*

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі</b> <b>«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	<b>Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу.</b> <b>«Қылқобыз»</b>	<b>Күй күмбірі – баланы қазақтың ұлттық өнерімен қарсы алу, ұлттық рухты сезінуге баулу.</b> <b>«Самғау»</b>	<b>Күй тыңдату арқылы балалардың көңіл-күйін көтеріп, қабылдау сәтін әсерлі әрі тәрбиелік мағынаға толтыру</b> <b>«Көңіл ашар»</b>	<b>Қазақтың күй өнері – адалдық пен еңбекқорлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің белгісі екенін бала бойына сіңіру.</b> <b>«Аққу»</b>	<b>Күй күмбірі – баланы ұлттық құндылыққа жақындатып, өзінің қазақы болмысын мақтан тұтуға тәрбиелеу.</b> <b>«Әке толғауы»</b>
	<i>Баланы есік алдында күлімсіреп қарсы алу, атымен атап амандасу. Ата-анасынан баланың түнгі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйі жайлы сұрау. Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға бағыт беру.</i>	<i>Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы көңіл-күйін байқау; Киімдерін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу, мәдени-гигиеналық дағдыларды еске салу; Психологпен бірлесіп, эмоциялық бейімделуі қиын балалармен жеке жұмыс жүргізу.</i>	<i>Балаларды жылы шыраймен қарсы алу, есімдерін атап, амандасу; Дене қызуын электронды термометрмен өлшеп, денсаулығын бақылау; Қажет жағдайда медбикемен бірлесе отырып қосымша тексеру жүргізу;</i>	<i>Баланы күлімсіреп қарсы алу, сенімді атмосфера қалыптастыру; Денсаулығын тексеру: дене қызуы, көз-құлақ жағдайын сырттай бақылау; Қол жуу, киім шешу, шкафқа орналастыруды өзі орындауына бағыт беру;</i>	<i>Баланың мінез-құлқы мен көңіл-күйіндегі өзгерістерге назар аудару; Ата-анадан кешегі жағдайы туралы қысқаша сұрау (мазасыздық, ұйқы, тәбет); Қажет болса, психологтың бақылауына жіберу немесе кеңес алу.</i>

<p><i>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</i></p>	<p><b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b></p>				
<p><i>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</i></p>	<p><b>Картотека № 3</b> <b>Дид ойын:</b> <b>«Суретші қай жерде қателесті?»</b> Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.</p>	<p><b>Картотека №4</b> <b>Дид ойын:</b> <b>«Экологиялық бағдаршам»</b> Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді.</p>	<p><b>Картотека № 7</b> <b>Дид ойын:</b> «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> балалар табиғатты рухани базалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын түсінеді.</p>	<p><b>Картотека № 9</b> <b>Дид ойын:</b> <b>«Құстарға көмек береміз»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар құстар туралы суреттермен жұмыс жасап, өз ойларын айта алады.</p>	<p><b>Картотека № 10</b> <b>Дид ойын:</b> <b>Бақша да ма, бау да ма?</b> <b>Мақсаты:</b> Жемістер мен көкөністер туралы олардың айырмашылық-тарын айта алады.</p>
<p align="center"><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</b></p>					
<p><i>Ертеңгілік жаттығу</i></p>	<p><i>Қазан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>
<p><b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b></p>					
<p><i>Таңғы ас</i></p>	<p><b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b></p>				

	<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік ескерту:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, біз жейтін нан, ботқа, сүт – бәрі үлкендердің еңбегімен келеді. Тамақты төкпей, үстелге шашпай, жейтін мөлшерімізді ғана алайық. Артық алсақ, ысырап болады.</p> <p><b>Қауіпсіздік ескерту:</b> – Тамақтану кезінде асықпай шайнайық, ауыз толтырып сөйлемейік – тұншығып қалу қауіпі бар.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Таңғы ас алдында міндетті түрде қол жуамыз. Суды ағызып қоймаймыз, керегініше ғана қолданамыз. Ыдысты да таза ұстаймыз. Тамақ ішерде қасыққа мөлшерлеп салайық.</p> <p><b>Қауіпсіздік ескерту:</b> – Ыдысты сындырмау үшін ұқыппен ұстау керек, сынған ыдыс қауіпті.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Асқа құрмет – адамның тәрбие белгісі. Тамақ ішіп отырған кезде ойнамаймыз, таласпаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Әрбір түйір нан – еңбектің жемісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік ескерту:</b> – Қасықты ауызға қатты салмайық, бір-бірімізге шанышқы, пышақ жақындатпаймыз.</p>	<p><b>Түсіндіру:</b> – Балалар, біз жейтін әр тағам – үлкендердің маңдай терімен келген еңбек. Сондықтан табақтағы тамақты төкпей, шашпай жеу керек. Қажет мөлшерде ғана алып, артық тамақ қалдырмау – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақтанып отырып жүгірмейміз, асықпай шайнаймыз – тұншығып қалуымыз мүмкін.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</p> <p><b>Ойын: «Қайсысы еңбек?»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар: – Үй жинау (еңбек), – Доп тебу (ойын),</p>	<p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</p> <p><b>Ойын: «Жалғастыр»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Мен сөз бастаймын, сендер жалғастырасыңдар». – «Күн шықты, ал біз ...» (балалар: «ойнаймыз», «қуаныштымыз»); – «Білімді болсаң, сен ...» (балалар: «ақылды боласың»).</p>	<p>«Смарт бала» жобасы</p> <p><b>Ойын: «Дұрыс-бұрыс»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Мен бір сөйлем айтамын, егер дұрыс болса – қол соғамыз, қате болса – тыныш тұрамыз».</p> <p>Мысалы: – «Кітап – білім бұлағы» (қол соғады). – «Суды ішпейміз»</p>	<p>«Балалар кітапханасы» жобасы</p> <p><b>Ойын: «Сиқырлы кітап»</b></p> <p>Тәрбиеші үлкен әдемі кітап ұстап, «Бұл сиқырлы кітап. Қане, ашып қалсақ, одан кім шығады екен?» – дейді.</p> <p>Кітаптың ішінен дайын суреттерді</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</p> <p><b>Ойын: «Еңбек – қуаныш»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Қане, біз кішкентай еңбекқормыз. Қолымызбен гүл егіп көрейік (қимыл жасайды), оны суарайық, күтейік. Ал енді ол гүл жайнап өсті!»</p>

	<p>– Гүл егу (еңбек), – Қуыршақпен ойнау (ойын).» <b>Мағынасы:</b> балаларды еңбекті ажырата білуге үйрету</p>	<p>– «Досыңа көмектессең, ол ...» (балалар: «қуанады»)» <b>Мағынасы: баланың қиялын, ойлауын дамыту</b></p>	<p>(тыныш тұрады). <b>Мағынасы: баланың ойлау қабілетін дамыту, білімділікке тәрбиелеу.</b></p>	<p>көрсетеді. Балалар: «Бұл Қызыл телпек!», «Бұл Бауырсақ!» деп жауап береді. <b>Мағынасы: балалардың қызығушылығын арттыру, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.</b></p>	<p>Балалар гүлдің иісін сезгендей қимылдап: «Еңбек қуаныш әкеледі!» – дейді. <b>Мағынасы: адал еңбекке, еңбектің қадірін білуге үйрету.</b></p>
Кестеге сәйкес ҮІӘ	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында үіә.				
	<p><b>Тілек шоғы.</b> Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді. <b>Миға шабул.</b> <b>Жұмбақ жасыру.</b> Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп-бояп барлығын Сап-сары зып қояды. (Күз) <b>Дид ойын:</b> “Күз белгісі неде?” Күзде жапырақтар... (сарғаяды)</p>	<p><b>Ой қозғау</b> <b>Бүркіт Жақыпов.</b> «Күзде» Алма пісті, Алмұрт пісті, Алиа пісті, Жерге түсті. Қияр пісті, Қарбыз пісті, Қауын пісті, Қандай күшті! Жидектердің татып дәмін, Жемістердің жейміз бәрін. <b>Сұрақ – жауап.</b></p>	<p><b>Тосын сәт. Аудио дыбыс.</b> Күзгі орманнан хабарлама. Құрметті балалар! Мен орманы атаймын. Күз келіп ормандағы барлық жануарлар қысқа дайындалып жатыр. Сол үшін аңдарға үлкен көмек керек боп тұр. Мен жалғыз өзім үлгере алмай жатырмын. Көмекке келесіңдер ме? <b>Балалар Күзгі орманға саяхатқа барамыз ба?</b> Ендеше мына әнді айтып саяхатқа барайық <b>Музыка.</b></p>	<p><b>Тосын сәт. Қоян келеді.</b> <b>Қоян:</b> <b>Сәлематсыздар ма, балалар!</b> <b>Балалар қоянмен амандасады.</b> Сәлематсыз ба қоян, көңілдісің ғой? Қоян: Ия балалар бүгін менің туған күнім, маған қасқыр сыйлық берді. Сыйлығыңды бізге көрсетесің бе?</p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым</b> <b>Ертегілер әлемі.</b> <b>Дид ойын:</b> «Сыңарын тап» Балаларды топқа бөлу <b>1 топ – Бауырсақ</b> ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу. <b>2 топ – шалқан</b> ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.</p>

	<p>Күзде күн ... (суып, жаңбыр жауады) Күзде құстар... (жылы жаққа ұшада) Күзде түн... (ұзарады) Күн... (қысқарады) Күзде жеміс-жидек... (піседі) Күзде жазғы демалыс бітіп... (оқу басталады) <b>Дид ойын: «Жапырақтың түсі қандай?»</b> <b>Шарты:</b> Жапырақтар жинау. Балалар жинаған жапырақтарын ажыратады. (түсін, пішінін айтады) <b>Қ. Шаңғытбаев «Күзгі жапырақтар»</b> Алтын, сары, қызыл, көк,</p>	<p>Осы жемістер, көкөністер қай мезгілде піседі? Сонымен өлеңде қай мезгіл туралы айтылған? <b>Қызығушылықтарын ояту.</b> Хатшы хат әкеледі. <b>Ой қозғау</b> Хат кімнен келді? Айгүл көмекке шақырыпты. Айгүлге немен барамыз? Сиқырлы таяқшаның көмегімен барайық. <b>Сиқырлы сөз:</b> Қәне, қәне, айтайық Айя бағына, барып қайтайық! Көзімізді ашайық. Айгүлге кездесу. Амандасады. Айгүл бау бақшадағы жеміс пен көкөністерді ажыраталмай жатыр екен. Көмектесеміз бе?</p>	<p><b>«Саңырауқұлақ тереміз»</b> (Г. Абдрахманова) әніүйретіледі. Би: «Кел, билейік» (Б. Байқадамов, М. Әлімбаев). Орманға келу. <b>Тиінге кездесу. Тиін ағаш басында өте көңілсіз.</b> <b>Тақпақ айту.</b> <b>Кәдірбек Құныпияұлы</b> Ақ тиін-ау, ақ тиін! Сауысқаннан сақ тиін, Жылы ұяңда жат, тиін, Жаңғағыңды шақ, тиін. Тиін көңілденіп балаларға саңырауқұлақ жинап беруін өтінеді. <b>Дид ойын:</b> <b>«Саңырауқұлақтар әлемі»</b> <b>Саңырауқұлақ туралы түсіндіру.</b> Дайын салынған саңырауқұлақтарды бояу. Тиінмен қоштасу. Балалар жолмен жүру. <b>«Орман аңдары»</b> <b>1. «Аю»</b></p>	<p>Қасқыр саған не сыйлады екен? <b>Қоян: Білмедім?</b> <b>Ендеше сыйлықты бірге ашып көрейік.</b> Қоян: Ой балалар мына қораптың ішінде дым жоқ қой! Сонда мені қасқыр алдағаны ма? Қоян тоқта ренжіме қораптың ішінде хат жатыр. Хатты ашып көрейік. Қоян қасқыр саған тапсырмалар беріпті сол тапсырманы орындасаң сыйлығыңды табасың депті. <b>Қоян: Қандай тапсырма?</b> Қоян: Ооооой, балалар</p>	<p><b>3 топ – жеті лақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.</b> <b>Дид ойын: «Қимылын көрсет»</b> <b>Шарты: Педагог бір кейіпкерді атайды, бала соның қимылын салады.</b> Әр түрлі бет перделер киіп әр ертегі кейіпкерлерінен қимылдар көрсету <b>Тосын сәт</b> Есік қағылып, почташы хат әкеледі. <b>Хатты ашу.</b> Ата мен әжеден Құрметті балалар бізге көмек керек. Біздің бауырсағымыз қашып кеткен. Енді</p>
--	--	---	--	---	--

<p>Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп. Көз тартады жалбырап Өлең жолдарын қайталау арқылы жаттау.</p> <p><b>Ой дамыту. АҚТ тех.</b></p> <p>Күзгі орманға саяхат. Күз мезгілін бейне таспадан көрсету. Күзгі орманды тамашалау. Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Неліктен алтын, жомарт күз дейміз? - Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?</p> <p><b>Дид ойын:</b> <b>«Саябақтағы жемістер»</b></p>	<p><b>Балаларға көкөністер мен жемістер туралы АҚТ технологиясынан көрсету, түсіндіру.</b></p> <p>Айгүлге көмек</p> <p><b>Дид ойын:</b> <b>«Көкөніспен жемістер»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Көкөніс пен жемісті сипаттауы бойынша тауып, себетке муляждарды жинайды.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Алма баққа барамыз, (Бір орнында жүреді, қолдары белдерінде) Алма теріп аламыз, (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды).</p> <p>Ең үлкен алманы (құлаштарын сермен, алманың үлкендігін көрсетеді).</p> <p>Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды)</p>	<p>Қолды белге қойып, (қорбандан) табанды нық басып жүру.</p> <p><b>2. «Түлкі»</b></p> <p>Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.</p> <p><b>3. «Көжсек»</b></p> <p>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.</p> <p><b>4. «Қасқыр»</b></p> <p>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.</p> <p><b>Кірпіге кездесу.</b></p> <p>Кірпі терісіне тығылып көңілсіз жатыр Қане тақпақ айтып берсек тиін секілді көңілденіп, басын шығаратын шығар.</p> <p><b>Тақпақ.</b> <b>Қадыр Мырза Әли</b> Жатқан кезде быртыып, Кірпіге сен көр тиін. Тікірейтіп түрпісін Түрегелер үрпін. Кірпі басын шығарып балаларға алма жинауға көмек керек екенін айтады.</p> <p><b>Дид ойын: «Кірпіге көмек»</b> <b>Балаларды топқа бөлу.</b></p>	<p>тапсырманы орындауға маған көмектесесіңдер ме?</p> <p>Балалар қоянға көмектесеміз бе?</p> <p><b>1 тапсырма:</b> <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Жемістер топтау. -Алманың түсі, пішіні -Бананның түсі, пішіні -Алманың тағзы қандай түстері бар? -Алмұрттың түсі қандай? -Апельсин қандай? -Түстерімен топтастырып жинау. -Сары түтерді сары себетке -Жасыл түстерді жасыл себетке</p>	<p>оны қу түлкі жеп қоятын болды. Бауырсақты табуға көмектесулеріңді сұраймыз.</p> <p><b>Дид ойын: «Пішін мен түсін ата»</b> Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру. Қағаз бетіне дайын бауырсақты жапсыру. <b>Бауырсақ әнін айту.</b> Менің атым бауырсақ, Мені қаймаққа иледі, Майға пісірд, Суытып қойды. Мен атадан қаитым, Әжеден қаитым, Қоянды көрдім, қасқырды көрдім, аюды көрдім бәрінен қаитым,</p>
---	---	--	---	--

	<p><i>Шарты: Үстелдің үстіндегі табақшадағы жемістер мен көкөністерді айырып жинау.</i></p> <p><b>Шығармашылық бұрыш</b></p> <p><b>Балаларды сары,қызыл, жасыл жапырақтар арқылы топқа бөлу.</b></p> <p><i>Жұмыс жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.</i></p> <p><b>1-топ:Сары жапырақтар .</b></p> <p><b>Дид ойын: «Күзгі жапырақтар»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Күз мезгіліндегі жапырақтардың түсін атау</p> <p><i>Кептірілген жапырақты бояу арқылы ақ қағазға бастырып сурет салу.</i></p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым</b></p> <p><b>Математика.</b></p> <p><b>Балаларды дөңгелек, үшбұрыш пішіндер арқылы топқа бөлу.</b></p> <p><b>1-топ: Дөңгелек</b></p> <p><b>Дид ойын: «Төртіншісі артық»</b></p> <p><i>Лимон, мандарин, апельсин, қияр. Ананас, саңырауқұлақ, алма, алмұрт. Алмұрт, алма, сәбіз, киви.</i></p> <p><b>2-топ: Үшбұрыш</b></p> <p><i>Жемістермен көкөністерді пішіні бойынша топтау,</i></p> <p><b>2-вариант:</b></p> <p><i>жемістермен көкөністерді түсі бойынша топтау.</i></p> <p><i>Көңілді смайлктер беру.</i></p> <p><b>Сиқырлы сөз:</b></p> <p><i>Қәне, қәне айтайық, Бақшамызға қайтайық.</i></p>	<p><i>Қызыл алма</i></p> <p><i>Сары алма</i></p> <p><i>Жасыл алма</i></p> <p><b>1-топ:</b> <i>Кірпіге қызыл алма жапсыру</i></p> <p><b>2-топ:</b> <i>Кірпіге сары алма мүсіндеу</i></p> <p><b>3-топ:</b> <i>Қиылған суреттерден кірпіге жасыл алма құрастырып жинау. Кірпімен қоштасу.</i></p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><i>Шарты: көкөніс атын естісе отырады, жеміс атын естісе қолдарын жоғары көтереді.</i></p> <p><b>Аңдарға кездесу. Аудио дыбыс.</b></p> <p><b>Табиғаттың дауысы</b></p> <p><b>Түлкіге кездесу.</b></p> <p><i>Құрметті балалар біздің аңдарға Арыстан тапсырма беріпті соған көмек керек. Балалар көмектесеміз бе? Орманда үлкен жарыс болып, аң патшасы арыстан аңдарға бұйрық берді.</i></p> <p><b>1-тапсырма:</b></p> <p><b>Дид ойын: «Оң, сол»</b></p>	<p><i>-Қызыл түстерді қызыл себетке жинаймыз</i></p> <p><b>2 - тапсырма:</b></p> <p><b>Дид ойын: «Қай пішінге ұқсас?»</b></p> <p><i>Шарты: Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі.</i></p> <p><i>Жанындағы бос төркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді.</i></p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p><i>Ұзын құлақ, сұр қоян</i></p> <p><i>Естіп қалып сыбдырды</i></p> <p><i>Ойлы, қырлы жерлермен</i></p> <p><i>Бітқып, ытқып жүгірді.</i></p> <p><i>Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің .</i></p> <p><i>Келе жатқан томпаңдап,</i></p>	<p><i>түлкіден де қаптым.</i></p> <p><i>Ата-мен әжеге себетке салып беріп жіберу.</i></p> <p><i>Кішкентай әртістер.</i></p> <p><b>Сюжеттік рольдік ойын.</b></p> <p><b>Шалқан ертегісі.</b></p> <p><i>Ертегі кейіпкерлерінің бет пердесін кейіп ертегіні сомдау.</i></p> <p><i>Балаларды топқа бөлу.</i></p> <p><b>Дид ойын: «Бөлігін тап»</b></p> <p><i>Қиынды суреттерден шалқан ертегісіндегі кейіпкерлердің бөлігін тауып құрастыру.</i></p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p>
--	--	--	---	---	---

	<p><b>2-топ:Қызыл жапырақтар:</b>  <b>Дид ойын:</b> «Күзгі бақ жемістерін ата»  <b>Шарты:</b>  Жемістерден натюрморт жапсыру.  <b>Сергіту сәті.</b>  Тербеледі ағаштар,  Алдымнан жел еседі.  Кіп – кішкентай ағаштар  Біп – биік боп өседі.  <b>Дид ойын:</b>  «Даналық ағашы »  <b>Шарты:</b> Күз мезгілі туралы сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.  «Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.  <b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Кіріспе бөлім.</b>  <b>Амандасу.</b></p>	<p><b>Психологиялық жаттығу.</b>  Созыламыз, күн жасаймыз,  достарымызға қарап күлімдейміз.  <b>II.Ой дамыту</b>  Өлең оқу.«Жаңбыр»  - Тырс! Тырс!  Жаңбыр кеп жауады,  Терезе қағады.  - Тырс! Тырс!  Жылғалар ағады,  Сылдырап әуенге салады.  - Балалар бұл тақпақта не туралы айтылды?  - Жаңбыр туралы.  <b>Дид ойын: «Жаңбыр қайдан жауып тұр?»</b>  <b>Шарты:</b> Балалар жаңбырдың бұлттан жауатынын көрсетеді.  <b>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру..</b>  -Сонымен жаңбырдың, судың түсі қандай болады?</p>	<p>Алма ағашының оң жағына кірпі, сол жағына тұлкі тұрсын депті.  Оң жақ және сол жақты білмей тұрмыз.  <b>2-тапсырма:</b>  <b>Дид ойын:</b> «Алма жинау»  Арыстан алма ағашында тұрған алманы жинап әкелуге, керік пен қоянды жұмсады. Қайсысы алманы тез жинайды, неліктен? Алма қайда өсіп тұр?  <b>Сөйлемді дамыту.</b>  <b>Балалардың білімін нығайту.</b> Тақпақ оқу.  Қарашы күз келді, күз келді  Жапырақ жауыпты іздерді.  Құс біткен керуен тізеді,  Қара бұлт қабағын түйеді  <b>Сұрақ жауап.</b>  -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?  -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?  -Құстар қай жаққа ұшып кетеді?</p>	<p>Көжегі екен өзінің.  <b>Қоршаған орта Мнемотехника күз мезгілі.</b>    <b>Дид ойын: «Күз ерекшелігі»</b>  <b>Шарты:</b>  суреттен күз ерекшеліктерін табу.  <b>Қоян қуанып рақмет айту.</b>  <b>Балалар қасқар бізге қоянға сыйлық жасап беруді өтініпті.</b>  <b>Қандай сыйлық жасаймыз? Қоян нені жақсы көреді?</b>  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Қоянға сыйлық»</b>  Балаларды топқа бөлу.</p>	<p><b>Педагог жетекшісінің жоспары бойынша</b>  <b>Ұ.О Тақырыбы:</b>  <b>«Арқан түйе»</b>  <b>Мақсаты:</b>  <b>Балаларды шапшаңдыққа үйрету.</b></p>
--	---	--	---	--	--

	<p>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, педагогтың белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру. Негізгі бөлім.</p> <p><b>Жалпы даму жаттығулары.</b></p> <p><b>Таяқшамен</b></p> <p>-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ.</p> <p>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.</p> <p>Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4 ) Б.қ.</p>	<p>- Тамшының пішіні қандай?</p> <p>Саусақ арқылы тамшы суретін қағаз бетіне түсіру.</p> <p>Балалар кірпі бізден көмек</p> <p><b>Сиқырлы сылдырмақ</b></p> <p>Балаларды шеңберге жинау.</p> <p><b>Дид ойын: Оралмалы жіп.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін домалақ жіпті жинау арқылы тиянақтау.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:Менің отбасым</b></p> <p><b>Миға шабул.</b></p> <p><b>Дид ойын: " Көңілді доп"</b></p> <p><b>Шарты :</b> Сұрақ қою арқылы жауап алу.</p> <p>- Отбасы мүшесін ата.</p> <p>- Отбасында кімді жақсы көресің?</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b></p> <p><b>Кіріспе бөлім. Амандасу.</b></p> <p>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, педагогтың белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру. Негізгі бөлім.</p> <p><b>Жалпы даму жаттығулары.</b></p> <p><b>Таяқшамен</b></p> <p>-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ.</p> <p>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.</p> <p>Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4 ) Б.қ.</p> <p>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ</p>	<p><b>1-топ:</b> Қиылған үлкен-кіші сәбіздерді ретімен жапсыру.</p> <p><b>2-топ:</b> Үлкен-кіші сәбіздерді бояу.</p> <p><b>3-топ:</b> Үлкен-кіші сәбіз мүсіндеу.</p> <p><b>4-топ:</b> Қоянға достарын құрастыру.</p> <p>Шапалақ әдәсі.Қоянның қуануы.</p> <p>Қоянмен бірге жаттығу жасаймыз ба?</p> <p>1.Қолды жоғары көтеру.</p> <p>2. оңға иілу.Б.қ. келу.</p> <p>4. солға иілу.Б.қ. келу.</p> <p>Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.</p> <p>1.Қолды алға созып отыру.</p> <p>2.Тұру. 3.Б.қ. келу.</p> <p>3.Аяқ бұлышықеттеріне</p>	
--	--	--	---	---	--

	<p>- Аяқтары алашақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ</p> <p>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығуы</b></p> <p>Араның дыбысын салу. -3-3-3</p> <p>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.</p> <p>1.Түзу жолмен жүру</p> <p>Ені – 25см, ұзындығы – 2,5 метр түзу жолмен жүру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Соқпақпен жүріп өт». Әр қатарға қарама-қарсы таяқшаларды пайдаланып, ені 25 см ұзындығы 2,5 м соқпақ жасаймыз. Соқпақты жүріп</p>	<p>- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?</p> <p><b>Ой дамыту</b></p> <p><b>Отбасы туралы түсінік беру.</b></p> <p>-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.</p> <p><b>Сұрақ-жауап.</b></p> <p>Сенің отбасың қандай?</p> <p>Отбасында неше адам бар?</p> <p>Олар кімдер?</p> <p>-Атаң мен әжең кім?</p> <p>-Әкең қайда жұмыс істейді?</p> <p>-Анаң қайда жұмыс істейді?</p> <p>-Сен неше жастасың</p> <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b></p> <p>Та-та- ата,  Же-же- әже,  Ке-ке- әке,  На-на-ана,  Ке- ке- әпке  Ға – ға- аға</p>	<p>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығуы</b></p> <p>Араның дыбысын салу. -3-3-3</p> <p>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.</p> <p>1.Түзу жолмен жүру</p> <p>Ені – 25см, ұзындығы – 2,5 метр түзу жолмен жүру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Соқпақпен жүріп өт». Әр қатарға қарама-қарсы таяқшаларды пайдаланып, ені 25 см ұзындығы 2,5 м соқпақ жасаймыз. Соқпақты жүріп өту</p> <p><b>2.Кез келген бағытта төрттағандап еңбектеу.</b></p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b></p> <p><b>«Марғаулар»</b></p> <p>Жан-жануарлардың балалары да өте кішкентай әрі ойнағанды жақсы көретінін түсіндіреді. Ойын ережесін еске салады: зал ішінде төрттағандап еңбектейді, «Қожайын келді!» деген белгі берілгенде жата</p>	<p>арналған жаттығулар:</p> <p>1.Алға қос аяқпен секіру.</p> <p>2.Артқа қос аяқпен секіру.</p> <p>Қоянмен қоштасу.</p> <p><b>Ұ.О Тақырыбы:</b></p> <p><b>«Бөрік жасырмақ»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Баланы шапшаңдыққа, қырағылыққа үйрету.</b></p>	
--	--	--	---	--	--

	<p>өту  <b>2.Кез келген бағытта төрттағандап еңбектеу.</b>  <b>Ойын жаттығуы: «Марғаулар»</b>  Жан-жануарлардың балалары да өте кішкентай әрі ойнағанды жақсы көретінін түсіндіреді.  Ойын ережесін еске салады: зал ішінде төрттағандап еңбектейді, «Қожайын келді!» деген белгі берілгенде жата қалып, қатып қалу, сосын қайта еңбектеу.  <b>Ұ.О Тақырыбы: «Күш сынаспақ»</b>  <b>Мақсаты: Балаларды батырлыққа, ептілікке үйрету</b></p>	<p>4.Сергіту сәті: Саусақ ойыны «Бармақтар отбасы» (караоке – қазақша балалар әні)  <b>Дид ойын:«Кім жоқ»</b>  <b>Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін суреттен табу табу.</b>  <b>Қортынды Балаларды мадақтау.</b>  <b>Ұ.О Тақырыбы: «Ақсерек-көксерек»</b>  <b>Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді.</b></p>	<p>қалып, қатып қалу, сосын қайта еңбектеу.  <b>Ұлттық ойын: «Ұшты - ұшты»</b>  <b>Қортынды. Балаларды мадақтау.</b>  <b>Ұ.О Тақырыбы: «Күш сынаспақ»</b>  <b>Мақсаты: Балаларды батырлыққа, ептілікке үйрету</b></p>		
<b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</b>					

Серуенге дайындық	<b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	<b>Картотека № 12</b> Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №15</b> Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.	<b>Картотека №17</b> «Күз көрінісін бақылау»	<b>Картотека №18</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №20</b> Жәндіктерді бақылау.
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	«Өз-өзіне қызмет» 3 қадамы: 1) Киімді ұқыпты шешу; 2) Шкафқа ретімен жинау; 3) Түскі асқа жеке жабдықтарын (сүлгі, ыдысқа дейінгі кезекші рөлі) дайындау.	Бір-біріне жейде/күртешені ілуге, түйме қадауға көмектестіру; «рақмет», «өтінемін» сөздерін қолдануды бекіту; <b>Мақсаты:</b> су шашпай, жауапкершілікпен қарауды еске салу.	Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету. <b>Мақсаты:</b> еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу.	Балаларға жағдаятты сұрақтар қою. «Егер қолды жумаса не болады?», «Неге заттарды өз орнына қоямыз?» <b>Мақсаты:</b> дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су шашпай, абайлап жуамыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде тәртіп сақтаймыз: таласпаймыз, ойнамаймыз, дауыстамаймыз. Әрбір ас – қадірлі. Шамамызға қарай ғана аламыз.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p><b>Түсіндіру:</b> – Әрбір ас – үлкендердің маңдай терімен келген несібе. Сондықтан табақтағы асты қалдырмай, төкпей-шашпай жеуіміз керек. Үнемді болу – жақсы әдет.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, дастарқандағы әр тағам – еңбекпен келген ризық. Нанды жерге тастамай, асты төкпей, мөлшермен ғана алайық. Ысырап етпейік – еңбекті бағалайық.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз – бұл қауіпсіздік үшін маңызды.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әр түйір ас – бағалы. Асқа құрмет – еңбекті бағалау.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>
Күндізгі ұйқы	Балаларға ұйқыға жатар алдында киімдерін шешіп, ретімен орындыққа немесе арнайы жерге қоюды үйрету.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<b>№14. 1.Ояну</b> Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық.	<b>№16 1.Ояну</b> Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл	<b>№15. 1.Ояну</b> Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық.	<b>№13. 1.Ояну</b> Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	<b>№ 12. 1. Ояну</b> Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз

	<i>Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.</i>	<i>қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар</i>	<i>Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.</i>		<i>Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</i>
	<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
<i>Бесін ас</i>	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.	<b>Әңгіме:</b> – Тамақты төкпей-шашпай, қажет мөлшерде ғана аламыз. Артық тамақ қалдырмаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Балалар, әрбір ас – үлкендердің маңдай тері. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз. Артық алмаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақты асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде сөйлемейміз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. Үлкендерге бірінші береміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қасықты қатты салмаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Нанды ауызға толтыра салмаймыз.
<i>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа</i>	<i>«Қамқор жобасы» бағытында –экологиялық мәдениетті қалыптастыру, «еңбегі адал жас өрен» - еңбекке баулу.</i>				
	<b>Қызығушылықтарын ояту. Ғажайып сәт. АҚТ</b>	<b>Дид ойын: «Жеміс қайда, көкөніс қайда екенін тап»</b> <i>Мен сендерге үстелге жемістер мен</i>	<b>Миға шабуыл. Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>Жұмбақ жасыру.</b>	<b>Дене тәрбиесі. Кіріспе бөлім. Амандасу</b> <i>Әжемнің ауылында (таза ауада)</i>	<b>Дид ойын «Суретші қай жерде қателесті?»</b> <b>Мақсаты:</b> <i>Балалардың ойлау</i>

<p>және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p><b>технологиясынан Алтын күз.</b> Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сіздерден көмек сұрап келдім. Балалар Алтын күз көңілсіз болып тұр неге екен? Алтын күз: Балалар менің жемістерім бәрі пісіп жиналды, ал жүзімді жинау маған қиын болып тұр. Көмектесіңдер ме? Әрине көмектесеміз <b>Балаларды топқа бөлу.</b> 1-топ. қара жүзім 2- топ. жасыл жүзім. Балаларға жүзімнің жапырақтарымен салынған суреті таратылады. <b>Ой дамыту.</b> <b>АҚТ технологиясы.</b></p>	<p>көкөністердің аралас карталарын жайып беремін, ал сендер карточкаларды жемістер мен көкөністер деп екі топқа бөлулерің керек. <b>Тәрбиеші:</b> <b>Енді жемістерді зертханамызда зерттеп көрейік.</b> Педагог үстелге жемістерді қояды: апельсин, мандарин, лимон, банан, алма. Тәрбиеші: Біздің дастарханда түрлі жемістер бар. Олардың атын атап көрейік. Барлық жемістер әртүрлі. Олар қалай ерекшеленеді, қандай негіздер бойынша топтастыруға болады? 1. Қараңыздар, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме (дөңгелек, сопақ)?</p>	<p>Ызақор бұғып жатыр, Сақалы шығып жатыр. (жуа) Жерде жатып желіндейді, Күз түскенше желінбейді. (қауын) Көк лағым көгенде жатып семіреді. (Қарбыз) Жасыл ала дөңгелек, Бақшада жатыр дөңгелеп. (қарбыз) <b>Ой дамыту</b> Көкөністер туралы түсінік беру. - Көкөністерге нелер жатады? - Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз? -Осы көкөністер бізге не береді? Түсі, пішіні, қайда өсетіні т.б. Сұрақ – жауап.</p>	<p>Сапқа бір қатармен тұру, шеңбермен жүру. «Біз бүгін ауылға әжемізге қонаққа барамыз» Шеңбер бойымен жүру. Шеңбер бойымен сапқа тұру. <b>Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары Дене бітімінің арналған жаттығулар</b> <b>«Әжеммен бірге кім тұрады?»</b> <b>1. Тауықтар қанатын қазады.</b> Б.қ.: аяқтар табан өлшеміндей қашықтықта, қолды төмен түсіреді. қолды екі жаққа көтереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет. <b>2. Қаздар қиқулайды:</b> аяқтар иыққа сәйкес қашықтықта, қолдары белде. 1 – алға қарай иіледі, шынтақтарын артқа жібереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет. <b>3. Марғаулар керіледі.</b></p>	<p>қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. <b>Дид ойын:</b> <b>«Көкөністер мен жемістер»</b> <b>Мақсаты:</b> жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуды, олардың пайдасы туралы біледі. <b>Құрал-жабдықтары:</b> Жемістер мен көкөністердің суреттері <b>Ойынның барысы:</b> Көкөністер мен жемістер суреттерін салатын қалташалар тақтаға ілінеді. Үстел үстінде суреттер аралас жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі танып алады да қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>Жүзім туралы слайд қарау. Жүзім түсінік беру. <b>Үлгі арқылы жүзімнің жасалу жолдарын түсіндіреді.</b> 1-топ: Жасыл жүзім. Ермексаздан алақан арасына домалату арқылы жасыл түсті жүзім мүсіндеу. 1-топ: Қара жүзім. Қиылған суреттерден жүзім бағын құрастыру. Жасаған жұмыстарын себетке салып Алтын күзге сыйға беру. Аудио дыбыс. Алтын күз рақмет балалар, мен өте көңілді болдым, қандай тамаша!</p> <p><b>«Өрт қауіпсіздігі» «КЕРЕГІН ТАҢДА»</b></p>	<p>2. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл)? 3. Көлемі бойынша (үлкен және кіші)? 4. Иісі бойынша? 5. Қабықтың құрылымы бойынша (кеуекті және тегіс)? Жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне, иісіне, қабығының құрылысына қарай топтастыруға болатынын білдік.</p> <p><b>«Жол қауіпсіздігі» «Керемет жаяу жүргінші кім?» Міндеттері: балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту (жол белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі); табандылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</b></p>	<p><b>Дид ойын:</b> <b>«Көкөністер мен жемістер»</b> Балаларды топқа бөлу. <b>1-топ: Берілген өкөністерді бояу.</b> <b>2- топ: Берілген жемістерді мүсіндеу.</b></p> <p><b>«Қауіпсіздік ережесі» «Бауырсақ» Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын, қиялын дамыту.Сөйлеу мәнерлілігі бойынша жұмыс</b></p>	<p>Б.қ.: төрттағандап тұрады. 1 – жауырынды доғадай иеді, 2 – арқаны иліктіреді. Б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет. <b>4.Күшіктер ойнайды.</b> Б.қ.: шалқасынан жсатады. 1,2,3,4 – аяғы мен қолдарын шапшаң қозғайды. <b>5.Құлыншақтар секіреді.</b> Бір орында тұрып секіру Тыныс алу жаттығуы «Ауызбен және мұрынмен тыныс алудың үйлесімділігі» Негізгі қимыл -қозғалыс жаттығуы. «Әжемізге бау-бақшада көмектесейік» 1.«Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру. 2.«Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату.</p>	<p>туралы сипаттап айтады</p> <p><b>Кітап бұрышы Ертегілер елінде. Көркем әдебиет.</b> «Жеті лақ» ертегін суреттер арқылы қарау, ертегі кейіпкерлерін атау. Ертегі желісін түсіндіру.. Бет перде кейіп ертегіні сомдау. Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. <b>Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері» 1-Топ: Ешкі мен лақтарды бояу. 2-топ: Қасқырды мүсіндеу.</b></p>
--	--	---	---	---	---

	<p><b>Мақсаты:</b> балалардың өрт сөндіру кезінде қажетті заттар, оларды пайдалану ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. <b>Өрт тудыруы мүмкін заттар туралы білімді бекіту. Сөйлеуді, есте сақтауды, логикалық ойлауды дамыту.</b> <b>Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.</b></p>	<p><b>«Кішкентай тігіншілер әлемі» (Бағдарлама)</b></p>		<p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тауық пен балапандар».</b> Алаңның бір жағында үй – қоршалған орын болады, онда тауық пен балапандар бар (еденнен биіктігін 50 см-дей етіп бағандар арасына жіп тартылады). Бір жақ шетіне «үлкен құс» орналасады. Тауық жіптің астынан өтіп, қорек іздеуге аттанады. Ол балапандарын «ко-ко-ко» – деп шақырады.</p>	
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>Сөздік қорды дамыту</b> Дыбысты созып айтуға арналған жаттығулар («а-а-а», «о-о-о»). Жануарлардың атауын үйретіп, олардың дыбысын қайталату. Сурет бойынша «Не көріп тұрсың?» әңгімесін ұйымдастыру.</p>	<p><b>Бала тілін дамыту жұмысы</b> Артикуляциялық жаттығулар жасау (дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету). Сөздік қорын кеңейту үшін жеке әңгімелесу, сурет бойынша әңгіме құрату. Қарапайым сөздерді жеке үйрету.</p>	<p><b>Математикалық ұғымдарды дамыту</b> Санауды, пішіндерді, түстерді, көлемдерді жеке көрсету. Жұптап салыстыру, заттарды рет-ретімен орналастыру.</p>	<p><b>Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру</b> Баланы топпен ойнауға бейімдеу үшін алдымен жеке ойындар арқылы сенімділігін арттыру. Мінез-құлық мәдениетін үйрету (амандасу, алғыс айту, кезекте тұру). Қиын балалармен жеке әңгімелесу, мотивация беру.</p>	<p><b>Шығармашылық қабілеттерін дамыту</b> Жеке сурет салу, ермексазбен жұмыс, мозаика құрастыру. Ән үйрету, жеке би қимылдарын көрсету. Қолөнер жұмыстарын орындау.</p>

			Жеке логикалық ойындар мен пазлдар ұсыну.		
Серуенге дайындық	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	<b>Картотека № 12</b> Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Сақина салу»	<b>Картотека №15</b> Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.  Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Ұшты-ұшты»	<b>Картотека №17</b> «Күз көрінісін бақылау»  Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Белбеу соқ»	<b>Картотека №18</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.  Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Ұшты-ұшты»	<b>Картотека №20</b> Жәндіктерді бақылау.  Ұлттық ойын- ұлт қазынсы. «Айгөлек»
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. <b>Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				

	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	«Өз-өзіне қызмет» 3 қадамы: 1) Киімді ұқыпты шешу; 2) Шкафқа ретімен жинау; 3) Түскі асқа жеке жабдықтарын (сүлгі, ыдысқа дейінгі кезекші рөлі) дайындау.	Бір-біріне жейде/күртешені ілуге, түйме қадауға көмектестіру; «рақмет», «өтінемін» сөздерін қолдануды бекіту; <b>Мақсаты:</b> су шашпай, жауапкершілікпен қарауды еске салу.	Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету. <b>Мақсаты:</b> еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу.	Балаларға жағдаятты сұрақтар қою. «Егер қолды жумаса не болады?», «Неге заттарды өз орнына қоямыз?» <b>Мақсаты:</b> дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Балалардың дербес әрекеті	Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру				
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	Бүгін балалар сурет салып, түрлі түстерді қолдана отырып қиялын дамытты. Ойларын қағаз бетінде бейнелеуге тырысты. Үйде балаңызбен бірге сурет салып, түстерді атауға	«Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын орындап, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.» «Қиялы дамып, ойларын еркін жеткізуге тырысты.» «Үйде бірге ән тыңдап, қарапайым әндерді	«Балалар бүгін серуен кезінде табиғатты бақылап, гүлдер мен ағаштарға ұқыпты қарауды үйренді.» «Топтық ойында бір-біріне көмектесіп, достық қарым-қатынас көрсетті.» «Үйде баламен бірге қысқа әңгіме немесе	«Балалар дене шынықтыру жаттығуларына белсене қатысты, қимыл-қозғалыс дағдылары дамып келеді.» «Ойын кезінде ережелерді сақтап, тәртіпті болуға тырысты.»	«Бүгін балалар серуенде өте белсенді болды, қауіпсіздік ережелерін жақсы сақтады.» «Сабақта берілген тапсырмаларды ықыласпен орындап, сөздік қорын толықтырды.»

	<i>көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i>	<i>жаттауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.»</i>	<i>ертегі оқып, бірге талқылауға кеңес беремін.»</i>	<i>«Үйде серуеннен кейінгі тынығуына және жеткілікті ұйқысына назар аударыңыздар.»</i>	<i>«Үйде де киімдерін өздері кию дағдысын бекітуге көңіл бөліңіздер.»</i>
--	--	--	--	--	---

Әлексеріңді: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қазан айының 2-аптасы**

**Топ:** «Күншуақ» Орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 06.10 – 10.10.2025ж

**Апта дәйексөздері** «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі</b> <b>«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	<b>Күй күмбірі – баланы ұлттық әуенмен қарсы алу, ата-баба мұрасын жүрекке жақындату.</b> <b>«Кең дала»</b>	<b>Күй әуені – бүлдіршінді қазақтың салт-дәстүрі мен өнеріне баулып, ұлттық рухқа тәрбиелеу.</b> <b>«Бозшолақ»</b>	<b>Домбыраның қоңыр үні – баланы жылы қабылдап, қазақтың мәдениетімен қауыштыру.</b> <b>«Қылқобыз»</b>	<b>Күй күмбірі – баланы шаттықпен қарсы алып, ұлттық өнерге сүйіспеншілік ояту.</b> <b>«Көңілашар»</b>	<b>Күй әуезі – баланың жан дүниесін тербеп, оны қазақ халқының рухани қазынасына жақындату.</b> <b>«Балапан»</b>
	<b>Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы баланың көңіл-күйін анықтау;</b> <b>Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу;</b> <b>Жаңа аптаға қызығушылық ояту үшін қысқаша әңгіме жүргізу;</b>	<b>Баланың таңертеңгі көңіл-күйін сұрау («Бүгін қалай ояның?»);</b> <b>Ата-анасынан қысқаша ақпарат алу (денсаулығы, ұйқысы, тәбеті);</b> <b>Баланың киімін дұрыс орналастыруға бағыт беру;</b>	<b>Баланың көңіл-күйін бақылау үшін сүйікті ісін немесе ойынын сұрау;</b> <b>Өзін-өзі қызмет ету дағдыларын дамытуға жағдай жасау;</b> <b>Достарымен қарым-қатынасқа тарту арқылы бейімделуін жеңілдету;</b>	<b>Таңертеңгі көңіл-күйін сұрау, мейірімді сөздермен қарсы алу;</b> <b>Киімін шешу, аяқ киімін ауыстыру барысында дербестікке ынталандыру;</b> <b>Баланы шағын топтық ойындарға қатыстыру; Баланың</b>	<b>Апта бойғы жетістіктерін айтып, мақтау арқылы қабылдау;</b> <b>Киімін реттеп, гигиеналық дағдыларын еске салу;</b> <b>Балаларды көңілді ойынға тарту, апта қорытындысын жасау;</b>

	<i>Психологпен бірге жылауық немесе ұялшақ балаларға қолдау көрсету.</i>	<i>Топтағы кезекші балалармен амандастыру, ойынға қосу; Эмоциялық бейімделуі қиын балаларға жеке назар аудару.</i>	<i>Психологпен бірге топтағы балалардың эмоциялық ахуалын қадағалау.</i>	<i>өзін еркін ұстауына жағдай жасау; Эмоциялық бейімделуі төмен балалармен жеке әңгімелесу.</i>	<i>Ата-анасына баланың жетістіктерін қысқаша жеткізу.</i>
<i>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</i>	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b>				
	<i>Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат беретіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөзбен шығарып салыңыз.</i>	<i>Тазалық – денсаулық кепілі, мәдени-гигиеналық дағдыларды бала күнде орындауы тиіс екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Үйде қол жуу, тіс тазалау, киімін ұқыпты ұстауды ескертіңіз.</i>	<i>Әдептілік – ата-анадан басталатыны, бала үлкенді сыйлауды үлгі арқылы үйренетіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> «Рахмет», «өтінемін», «кешір» сөздерін жиі қолданыңыз.</i>	<i>Сөйлеу мәдениеті – отбасындағы әңгімеден қалыптасатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Балаға ертегі оқып беріп, өз ойымен бөлісуге мүмкіндік жасаңыз.</i>	<i>Отбасы – баланың алғашқы мектебі, құндылықтар отбасынан басталатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Демалыста балаңызбен бірге пайдалы іс жасаңыз, бірге уақыт өткізіңіз.</i>
<i>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</i>	<b>Картотека №10</b> <i>Дид ойын:</i> <b>«Танып ал да, атын ата»</b> <b>Мақсаты:</b> заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады.	<b>Картотека № 12</b> <i>Дид ойын:</i> <b>«Әдемі гүл»</b> Ойынның мақсаты: ,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.	<b>Картотека № 16</b> <i>Дид ойын:</i> <b>«Үйжануарлары»</b> Ойынмақсаты: Үйжануарларынолардың денемүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі.	<b>Картотека № 17</b> <i>Дид ойын:</i> <b>«Менің сүйікті ертегім»</b> <b>Мақсаты:</b> ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады.	<b>Картотека № 18</b> <i>Дид ойын:</i> <b>«Құстар біздің досымыз»</b> <b>Мақсаты:</b> Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</b>					

<p><i>Ертеңгілік жаттығу</i></p>	<p><i>Қазан айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>
<p><b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b></p>					
<p><i>Таңғы ас</i></p>	<p><b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b></p>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Әрбір ас – еңбекпен келген несібе. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Асықпай шайнаймыз, ауыз толғанда сөйлемейміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Асқа отырмас бұрын қолымызды таза жуамыз. Суды үнемді қолданамыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты абайлап ұстаймыз, сындырмаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әрбір ас – бағалы. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Артық ас алмаймыз, табақта қалдырмаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақтанып отырғанда орнымыздан тұрмаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қасықты қатты салмаймыз.</p>
	<i>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</i>	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</i>	<i>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту</i>	<i>Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.</i>	<i>Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.</i>
<i>Кешкі ас</i>	<i>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</i>				
<i>Балалардың дербес әрекеті</i>	<i>Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар:</i>	<i>Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр</i>	<i>Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар</i>	<i>Көкөніс дүкені» ойындары</i>	<i>Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды</i>

	<i>сурет салу, мүсіндеу, оригами, күзгі жапырақтарды ң коллажы</i>				<i>суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сұрту қабілетін қалыптастыру</i>
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<b><i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i></b>				
	<i>Бүгін балалар сурет салып, түрлі түстерді қолдана отырып қиялын дамытты. Ойларын қағаз бетінде бейнелеуге тырысты. Үйде балаңызбен бірге сурет салып, түстерді атауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i>	<i>Бүгін балалар ертегі тыңдап, кейіпкерлердің әрекеттерін талқылады. Қиялы дамып, ойларын еркін жеткізуге тырысты. Үйде қарапайым ертегілерді бірге оқып, балаңыздың пікірін сұрауға кеңес береміз.</i>	<i>Бүгін балалар қимылды ойындар ойнап, дене қимылдарын үйлестіруге жаттықты. Ширақтық пен ептілігін көрсетті. Үйде бірге серуендеп, қимылды ойындар ойнауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар тақпақ жаттап, бір-біріне айтып берді. Сөйлеу мәнері мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге талпынды. Үйде қысқа өлеңдер мен мақал-мәтелдерді қайталап жаттауға мүмкіндік берсеңіздер пайдалы болады.</i>	<i>Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтерді. Өз өнерлерін көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Үйде балаңызбен бірге ән тыңдап, қарапайым би қимылдарын қайталау пайдалы болады.</i>

Әлексеріңді: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы  
Қазан айының 3-аптасы

Топ: «Күншуақ» орта топ

Балалардың жасы: 3 жас

Қандай кезеңге жасалды: 13.10 – 17.10.2024ж

Апта дәйексөздері «Отансыз адам-ормансыз бұлбұл»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу. «Адай»	Домбыра әуені – бүлдірішіннің көңілін көтеру, қазақ мәдениетіне жақындату. «Балбырауын»	Күй әуезі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату. «Балдырған»	Күй күмбірі – баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. «Қызғалдақ»	Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу. «Сарарқа»
	Баланы есік алдында күлімсіреп қарсы алу, атымен атап амандасу. Ата-анасынан баланың түнгі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйі жайлы сұрау. Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға бағыт беру.	Баланы жылы жүзбен қарсы алып, қысқаша әңгімеге тарту (мысалы: «Кешегі күн қалай өтті?»). Денсаулығына назар аударып, дене қызуын өлшеу. Көз-құлақ жағдайын сырттай бақылап, шаршау не мазасыздық белгілерін қадағалау.	Киімдерін шешу, шкафқа жинастыру барысында өзін-өзі қызмет етуге үйрету. Қол жуу дағдысын еске салып, орындауын қадағалау. Эмоциялық бейімделуде қиналған балаға психологпен бірге қолдау көрсету.	Баланы күлімсіреп қарсы алып, сенімді қарым-қатынас орнату. Ата-анадан кешегі жағдайы (тамаққа тәбеті, ұйқысы, көңіл-күйі) туралы қысқаша сұрау. Дене қызуын өлшеп, қажет болса медбикеке жолдау.	Баланы есімін атап, жылы амандасу арқылы қабылдау. Көңіл-күйін анықтау үшін қысқа сұрақтар қою («Бүгін көңіл-күйің қалай?»). Дене қызуын өлшеу, сыртқы белгілерін (бет әлпеті, көздері) бақылау. Киімін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу, өзіндік

					әрекетке ынталандыру.
<i>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</i>	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.</b>				
	<i>Табандылық – баланың мақсатқа жетуіне көмектесетіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Бала бір істі аяқтамай тастамауы үшін қолдау көрсетіңіз.</i>	<i>Сыпайылық – мәдениетті адамның басты белгісі екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Баламен сөйлескенде жұмсақ үн қолдануға дағдыланыңыз.</i>	<i>Салауатты өмір салты – ұзақ әрі бақытты өмірдің кепілі екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Кешкі серуенге бірге шығыңыз.</i>	<i>Ұлттық дәстүрлер – баланың болмысын қалыптастыратыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Қазақтың салт-дәстүрлері жайлы шағын әңгіме айтып беріңіз.</i>	<i>Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.</i>
<i>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</i>	<i><b>Картотека № 3</b> «Суретші қай жерде қателесті?» <b>Міндеті:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.</i>	<i><b>Картотека № 5</b> Қайсысы қайда тіршілік етеді <b>Міндеті:</b> жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.</i>	<i><b>Картотека № 9</b> «Құстарға көмек береміз» <b>Міндеті:</b> Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу.</i>	<i><b>Картотека № 11</b> «Бұл қай мезгіл?» <b>Міндеті:</b> күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.</i>	<i><b>Картотека № 18</b> «Қайда не өседі?» <b>Міндеті:</b> Заттардың арасында кеңістік байланыс-тарын қоя білу дағдыларын дамыту; өсімдіктерді өсетін жерлеріне байланысты топтастыру, белсенділік-терін және өздігінен ойлау қабілеттерін дамыту.</i>
	<i>Ойын арқылы балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</i>				
<i>Ертеңгілік жаттығу</i>	<i>Қазан айының 3-аптасына арналған</i>	<i>Қазан айының 3-аптасына арналған</i>	<i>Қазан айының 3-аптасына арналған</i>	<i>Қазан айының 3-аптасына арналған</i>	<i>Қазан айының 3-аптасына арналған</i>

	таңғы жаттығу кешені.	таңғы жаттығу кешені.	таңғы жаттығу кешені.	таңғы жаттығу кешені.	таңғы жаттығу кешені.
	<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Сусыз өмір жоқ. Бетімізді, қолымызды жуған кезде суды тек қажетіне қарай пайдалануымыз керек. Суды босқа ағызу – ысырап. Үнемді бала табиғатты да қорғайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Жуыну кезінде еденге суды шашпаймыз, абайлап қозғалуымыз керек. Ылғал жерде абайсыз жүрсек – құлап қалуымыз мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әр түйір ас – бағалы. Дастарқан үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Тамақты төкпей-шашпай, тауысып жеу – еңбекті бағалау.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, оларды бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, суды босқа ағызбайық. Қол, бет жуған кезде кранды ашып қоймай, қажетті мөлшерде ғана қолдану керек. Ас үстінде де асты төкпей-шашпай жеу – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әрбір тағам – үлкендердің маңдай терімен келген ризық. Сондықтан нанды жерге тастамауымыз керек, тамақты ысырап етпей, мөлшермен ғана алуымыз қажет.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде ауыз толған кезде сөйлемейміз, асықпай шайнаймыз. Бұл тамақтың жақсы қортылуына және қауіпсіздікке пайдалы</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз</p>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b>	<b>«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында тілдік мәдениетті дамыту</b>				
	<p><b>«Жақсы сөз кімде көп?»</b> Балалар шеңберге тұрады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Екі дос аулада ойнап жүрді. Бірі құлап қалды. Оның досы</p>	<p><b>«Әдемі сөйлеу жаттығуы»</b> Тәрбиеші: «Қане, бәріміз мына сөздерді</p>	<p><b>«Сиқырлы қапшық»</b> (Қапшық ішінде кішкентай ойыншық кітап, қалам,</p>	<p><b>«Табиғат пен кітап»</b> (Суретте бала ағаш түбінде кітап оқып отыр).</p>

<p>(бұдан әрі – ҮІӘ)</p>	<p>Әрқайсысы кезекпен досына, табиғатқа немесе отбасыға байланысты жақсы сөз айтады. Мысалы: «Досым жақсы», «Гүл әдемі», «Әкем мейірімді». <b>Мақсаты:</b> тілдік мәдениетті қалыптастыру, әдемі сөйлеуге үйрету.</p>	<p>жүзгіріп келіп, қолын созып тұрғызды. Қуыршағын да әкеліп берді. Екеуі бірге ойынды жалғастырды. <b>Тәрбиеші сұрағы:</b> – Нағыз дос қандай болады? <b>Балалар жауабы:</b> – Көмектеседі. – Қуанышымен де, қиыншылығымен де бөліседі. <b>Мақсаты:</b> достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p>анық, әдемі айтып үйренейік: «Достық», «Адалдық», «Еңбек», «Шығармашылық». Енді осы сөздердің бірін пайдаланып сөйлем құрайық». Балалар: «Достық – ең қымбат қазына», «Адалдық – адамға жарасады». <b>Мақсаты:</b> балаларды мәнерлеп сөйлеуге, ойды толық жеткізуге баулу.</p>	<p>суреттер). <b>Тәрбиеші:</b> «Қапшықтан бір затты аласың, сосын ол туралы бір сөйлем айтасың». Балалар: «Бұл қалам – ол жазуға көмектеседі», «Бұл кітап – ол оқуға көмектеседі». <b>Мақсаты:</b> нақты затпен жұмыс, байланыстырып сөйлеу.</p>	<p><b>Тәрбиеші:</b> «Бұл суретті қалай сипаттайсыңдар?» <b>Балалар жауаптары:</b> – «Бала табиғат аясында кітап оқып отыр». – «Кітап пен табиғат – адамның досы». – «Кітап оқу жанды тынықтырады». <b>Мақсаты:</b> күрделі сөйлем құрау, салыстыруға үйрету.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӘ</p>	<p><b>Үнемді тұтыну – киім туралы, оны ұқыпты ұстау, дұрыс қолдану жолдарын түсіндіру әрекеті.</b></p>				
	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> <b>Сиқырлы қорапша топқа келеді.</b> (ұзын жіпті байлап қорапты есіктен тарту) Балалармен бірге қорапты ашу. Хат алу., оқу. Құрметті кішкентай бүлдіршіндер, мен Маша достарың боламын. Маған мына</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар бүгін таңертең поштамды тексердім және пошта жәшігінен ертегі кейіпкерлерінің хаттарын, тіпті бір пакет таптым. Оларда не жазғанын білгілерің келе ме? Онда Мнемоникалық жолдар бойынша сөйлем құрауға жаттығулар жазған.</p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым. Балалар әр түрлі иллюстрациялар қарау</b> <b>Тосын сәт.</b> Көмекші апай топқа хат жіберілгенін айтады Тәрбиеші: - Балалар, қандай тамаша! Мына жақындаңдар хатты оқиық!</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>- «Ине мен жіп»</b> Шарты: Бастаушы ине, бірінің артынан бірі ілесе жүргендер жіп, Балалар үзіліп кетсе жіп үзілген болады. <b>Дид ойын: «Бұл заттар не үшін?»</b> Тәрбиеші: Ал, енді мен сендерді қимыл деп атаймын, ал сендер маған осыған</p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым.</b> <b>Балалар конверт табады</b> Тәрбиеші: Балалар, қалай ойлайсыңдар, онда бірдеңе бар ма? (жауаптар). конверттің тексеру. <b>Дид ойын: «Жамауды тап»</b> Балалар үстелдің үстіндегі киімдерге</p>

	<p>тапсырмаларды аю аға орында деп берді. Ал мен білмеймін. Көмектесіңдерші. Балалар Маша қандай ертегіде жүреді? Маша мен Аюда Ендеше көмектесеміз бе? Барлық балалар үстелге келеді, қорапта киімдер мен оларға күтім жасау үшін заттар салынған суреттер бар.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>-Балалар, киімдерді қалай күту керектігін айтыңдаршы? (Балалар жауаптары).</p> <p>Киімге не үшін күтім жасау керек? (Балалар жауаптары.)</p> <p>-Киім адамдарға не үшін керек? (Балалардың жауаптары.)</p>	<p><b>1.хат: Дид ойын:</b> «Мнемо жолмен сөйлем» Шарты: Мнемокесте арқылы киімдерге сөйлем құрау. Мнемо кесте бойынша әңгіме: Менің ойымша, бұл етік, өйткені олар қоңыр, қара және сұр. Олар былғарыдан жасалған, бұл былғары. Олардың баулары, тілі, өкшесі, табаны бар. Етік. күзде, қысқыда, көктемде киіледі. (қалпақ, көйлек сөйлем құрау.)</p> <p><b>2-ші хат: Дид ойын:</b> «Түрлі – түсті қалпақ» Білмесбекке достары көптеген түрлі-түсті қалпақ сыйлады. Оның достары қандай қалпақ сыйлады? Балалар Білмесбекке кім қандай қалпақ бергені туралы мнемоникалық</p>	<p>Педагог конверттен Білмесбектің суретін шығарады. Бұл кім балалар? (Балалардың жауаптары.) Хатты оқу. «Сәлеметсіздер ме, балалар. Сіздерге білмесбек хат жазып отыр. Маған сіздерден көмек керек. Білім ханшайымы менен жұмбақтар сұрады. Ал мен оларды таба алмадым. Мен қатты ұялдым. Мен мұны жалғыз жасай алмаймын. Көмектесіңіздерші. Балалар Білмесбекке көмектесеміз бе?» <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>Жұмбақ жасыру</b> Адамның сәні,</p>	<p>қажетті тақырыпты айтасыңдар. киімді біріктіру - түйреуіштер кестелеуші – инелер мен жіптер саусағын шанышып алмас үшін – оймақ тігу, жазу – тігін машинасы киімді кигізіп қою - манекен кесу - қайшы Киімді әдемілеу - үтік өрнек салу - бор мен сызғыш адам мен матаны өлшеңіз – сантиметр <b>Тәжірибе бұрышы.</b> <b>Айгүлге көмек.</b> Зертханамызда қағазбен және матамен тәжірибелер жасап, оның қасиеттерін анықтайық. <b>Тәжірибе №1</b></p>	<p>жасауларды пішіндер бойынша табады. 1 –ші киімге тапқан жасауды сол киімдерге сәйкес түспен бояу. 2. Балалар киімге дұрыс жасау тауып жапсыру 3. Күздік киімдерді құрастыру <b>Дид ойын: «Әрекетті атаңыз»</b> - Киіміміз ұқыпты, әдемі болуы үшін не істеу керек? (Оған қамқорлық жасау керек) - Киімге күтім жасауды білесің бе? (Иә). Егер киім лас болса? (киім жуылады). Егер ол мыжылған болса? (киім үтіктеледі). Егер жыртылған болса? (киім тігіледі). Киімімізді шешіп алсақ, не істейміз?</p>
--	---	---	---	---	---

	<p><b>Балаларды топқа бөлу.-</b>      Үстелде қандай заттар тұр?      Киім мен киімге күтім жасау заттары.      -Сендер командаға бөлініп отырсыңдар, біз қай топ тапсырманы тез және дұрыс орындайтынын анықтаймыз.  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Киімдерді ажырату»</b>  <b>1-Топ:</b> «Қысқы киімдерді атаңдар»  <b>2-топ:</b> Жаздық киімдерді атаңдар.  <b>3-топ:</b> Күздік киімдерді атаңдар.  <b>4-Топ:</b> Киімге күтім жасайтын заттарды атау.  <b>Саусақ гимнастикасы.</b>  <b>«Ормандағы саусақтар».</b></p>	<p>жолдар бойынша сөйлемдер құрайды:      Білмесбекке көк қалпақ сыйлады, т.б.      Осылайша Білмесбек тек көк қалпақ киіп жүрді, ал қалғандары жай гана бөлмеде шашылып жатты. Бір күні ол барлық қалпақтарды жинауға бел буды, бірақ ол жинай алмады. Қане көмектесеміз бе?  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Қалпақтарды жинаймыз»</b>      Суретке қарап, бөлмедегі барлық қалпақтарды тауып, сөйлемдер құрау.      «Қызыл қалпақ үстелдің астында. Ол үстелдің астынан қызыл қалпақ алды»      Жасыл қалпақ жозғарыда әлулә тұр.      Сары қалпақ шкафтың оңжағында тұр.....  <b>3-ші хатты ашу.</b></p>	<p>Онсыз жоқ мәні.  <b>Бұл не? (киім)</b>      Бірнәрсемененбиік,      Кейдеменен аласа.      Мұндайқызықдүние де,      Көріп пе едіңтамаша.  <b>(Бас киім)</b>      - Ерте тұрдым,      Екі айыр жолға түстім.  <b>(Шалбар)</b>      - Әр түрлі болып келемін, Қыз бен ұл деп бөлемін.  <b>(Көйлек)</b>  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Жанды сөлемдер»</b>  <b>Шарты:</b>      Жұмбақтың шешуінен шыққан сөздерді қатыстырып, сөйлем құрау.  <b>Білмесбекке жіберу.</b>  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Көйлекті әсемде»</b></p>	<p>Қағазды әртүрлі жаққа тартып, жыртсақ оған не болды?      (жыртылады) Иә, кәдімгі қағаз өте оңай жыртылады ал . енді матаны екі қолыңызбен шетінен оңға және солға тартсақ . Ол оңай жыртыла ма? Жоқ, матаны жырту оңай емес, оны қолмен жырту қиын, өйткені мата жеткілікті берік материал. Ал онымен не істейді?      (мата созылады, кеңейеді)      Иә, маталар әдетте созылады, дегенмен матаның кейбір түрлері бар, оларды созу мүлде оңай немесе тіпті мүмкін емес.  <b>Тәжірибе №2</b></p>	<p>(Ақырын іліп қоямыз немесе бүктейміз)      Дұрыс. Жарайсыңдар      Киім ұқыпты және жаңа болуы керек.      Тазалаймыз,үтіктейміз, жуамыз және құрғатамыз  <b>Тәжірибе №1</b>  <b>Қағаз мен мата сөйлей алады ма?</b>  <b>Тәрбиеші:</b> Балалар, қағаз бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме?  <b>Балалар:</b> Иә!  <b>Тәрбиеші:</b> Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек.  <b>Тәрбиеші:</b> Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжсып бастаймыз.      Сіз не естисіз?  <b>Балалар:</b> Сыбырлайды, сөйлейді.  <b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс, сыбдырлайды. Енді матадан жасалған</p>
--	---	--	--	--	---

<p>Бір екі үш төрт бес. Саусақтар серуендеуге шықты. Бұл саусақ орманға барды, бұл саусақ саңырауқұлақ терді, Бұл саусақ тазарта бастады, бұл саусақ тентек бола бастады,</p> <p>Е, мынау тек жеді, сондықтан семірді. (Кезекпен балалар жұдырықшадан саусақтарын ашады, алдымен кішкентай саусақтан бас бармағына дейін (екі рет))</p> <p><b>Менің сүйікті бұрышым.</b></p> <p>Балалар, Машаның арқасында біз бүгін киім туралы көп нәрсе білдік, енді мен сендерге оған сыйлық беруді ұсынамын. Ендеше әр топ Машаға арнап сыйлық жасасын.</p>	<p><b>Дид ойын: «Тігінші кірпінің хаты»</b></p> <p><b>-Келесі хат бізге тігінші кірпіден келді.</b></p> <p>Ол орман адамдарына киім тігуге шешім қабылдады. Кірпінің кімге қандай киім тіккенін білгілерің келе ме?</p> <p>Кірпі тиінге жейде юбка тігіп берді. Кірпі тиінге қандай юбка тіккен?</p> <p>Киімдерді сипаттау, әңгіме құрастыру</p> <p><b>4-ші хат Машадан келген.</b></p> <p><b>Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану..</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады?</li> <li>• Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады?</li> <li>• Жаңбырда тәпішке киіп алсаңыз не болады?</li> <li>• Ыстықта панаманы кимесеңіз не болады?</li> </ul>	<p><b>Шарты: Балалар, сатушы бұл көйлектер көптен бері терезеде ілулі тұрғанын, ешкім сатып алмайтынын айтты. Ендеше мына көйлектерді әдемі етіп безендірейік, сонда сатып алушылар бұл көйлектерді бірден сатып алады.</b></p> <p><b>Балаларды топқа бөлу.</b></p> <p><b>1-топ:</b> Көйлектің гүлдерін бояу.</p> <p><b>2-топ:</b> Көйлектің жағасын жеңін жапсыру.</p> <p><b>3-топ:</b> Көйлекке ілгіш мүсіндеу.</p> <p><b>4-топ:</b> Дүкеншіге үлкен дүкен құрастыру.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b></p>	<p>Қағаздан жасалған киімді киіп көрейік. Дұрыс киіле ме? Жоқ. Неге? Ол тез жыртылады, беріктіге нашар. Қағаз кеңеймейді, созылмайды және оңай жыртылады.</p> <p>- Дұрыс.</p> <p>Ал матадан жасалған киімдерді кию оңай - мойын арқылы жемпір киіңіз, мойынға, қолдарға, аяқтарға кие беруге болады, ол созылады, жыртылмайды.</p> <p><b>Тәжірибе №3</b></p> <p>- Иә, мата мен қағаз әртүрлі материалдар, бірақ олар біршама ұқсас. Мысалы, біз қағазды қолымызбен мыжысақ, оған не болады?</p> <p>-Матаны мыжып көрейік, қолымызбен</p>	<p>орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз. Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе? Балалар: Ештеңе! Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды. Қағазды сыбырлататын киімді ме немесе матадан үнсіз тұрған киім кигенді ұнатамыз ба? Қайсы киім жақсы?</p> <p><b>Тәжірибе №2.</b></p> <p><b>Қағаз мен матаны тегістеу.</b></p> <p>Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік. Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба?</p>
--	---	---	--	--

<p><b>1-топ:</b> Машаға көйлек саламыз <b>Шарты:</b> Трафареттен дайын көйлекті бояу. <b>2-топ:</b> Машаның көйлегіне гүл жапсырамыз. <b>3-топ:</b> Машаға қолашатыр мүсіндейміз <b>4-топ:</b> Машаға тігін машинасын құрастырып сыйға береміз. Жасаған жұмыстарын қорапқа салып Машаға жібереміз. Балаларды мадақтау.</p> <p style="text-align: center;"><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Кіріспе бөлім.</b> <b>Балалармен амандасу</b> Тәрбиешінің артынан әр түрлі бағытта жүру. <b>Негізгі бөлім.</b></p>	<p>• Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады? • Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады? <b>Сергіту жаттығуы.</b> Таңертең ерте тұрамын, Беті қолды жуамын. Апам берген киімді, Өзім киіп аламын. Кешке үйге келгенде, Бәрін жинап қоямын. <b>Пакеттен шыққан тапсырма.</b> Аюдың кофтасын боя Тиіннің юбкасын жапсыру Білмесбектің қалпағын мүсіндеу Машаға тігін машинасын құрастыр. <b>Балалардың жұмысын көрмеге апару, суретке түсіру, балаларды мадақтау.</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Қазақтілі</b></p>	<p><b>Кіріспе бөлім.</b> <b>Балалармен амандасу</b> Тәрбиешінің артынан әр түрлі бағытта жүру. <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар кешені.</b> <b>«Орманға келдік пойызбен»</b> Орманға келдік пойызбен: Чух-чух-чух, Чух-чух-чух, Қандай гажап алаңқай, Қандай әсем, алақай! Кірпі келеді домалап: П-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф! Алмаларды арқалап: Фэф-р, Фэф-р! Міне, ұшып ара</p>	<p>қысайық. Енді қарашы, ол не болып қалды? (умаж) Ал дене шынықтыру сабағынан кейін шорт пен футболканы мыжып алсаң, оларға не болады? (умаж). Олар ұсқынсыз болып қалады. Сондықтан оларды мұқият бүктеп, түзету керек. <b>Тәжірибе №4</b> -Матадан не істеуге болады? (тігу, жуу, кептіру, үтіктеу) Қағазды қайшымен кесуге болады. Ал мата ше? Оны қайшымен де кесуге болады. Бүгін мата туралы не білдік, есімізге түсірейікші? Мата қандай болуы мүмкін? Жұқа және қалың Қалың матадан әдетте</p>	<p>Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасың! Қағаз орамалдың мыжылғаны онша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды? Балалар: Бұл тегістеледі! Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі. Қортынды балаларды мадақтау.</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыка</b> <b>Музыка педагог жетекші жоспары бойынша</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Ұ.О Тақырыбы:</b> <b>«Ханталапай»</b> <b>Мақсаты:</b> Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік,</p>
--	---	---	---	---

	<p><b>Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар кешені. «Орманға келдік пойызбен»</b></p> <p>Орманға келдік пойызбен:  Чух-чух-чух, Чух-чух-чух,  Қандай гажап алаңқай,  Қандай әсем, алақай!  Кірпі келеді домалап:  П-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф!  Алмаларды арқалап:  Фэф-р, Фэф-р, Фэф-р!  Міне, ұшып ара келді,  Балаларға бал әкелді:  З-з-з! З-з-з!  Шынтаққа келіп қонды:  З-з-з!З-з-з!  Мұрынға қарай ұшты ол:  З-з-з!З-з-з!  Есек сонаны қорқытты:  Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!  Бар орманды шулатты:  Й-а-а! Й-а-а!Й-а-а!</p>	<p>Қауіпсіздік ержелерін түсіндіру.</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Абайла, балақай!</p> <p><b>ҰІӘ жүргізілу барысы:</b></p> <p><b>Көңілді шеңбер</b>  Қуанамын менде  Қуанасың сенде  Қуанайық достарым  Арайлап атқан күнге</p> <p><b>Қызығушылықты ояту.</b></p> <p><b>II. Тосын сәт.</b>  Сауысқан хат әкеледі.  -Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар?  Бұл хатты Ернар мен Жанар деген балалар жазыпты.  Олар орманнан саңырауқұлақтар теруге барғысы келеді екен. Алай да қандай неден сақтануға болатынын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты.  Көмектесеміз ба?  <b>Ой қозғау.</b></p>	<p>келді,  Балаларға бал әкелді:  З-з-з! З-з-з!  Шынтаққа келіп қонды:  З-з-з!З-з-з!  Мұрынға қарай ұшты ол:  З-з-з!З-з-з!  Есек сонаны қорқытты:  Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!  Бар орманды шулатты:  Й-а-а! Й-а-а!Й-а-а!  Аспанда қаздар ұшып барады,  Есекті көріп қаздар қиқулады:  Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!  Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!  Негізгі қимылдарды орындау:  <b>Тіке базытта төрттағандап еңбектеу.</b>  <b>Ойын жаттығуы:</b>  «Маған қарай еңбекте!» – бір-</p>	<p>қандай киім тігіледі? (қыс мезгіліне, суық мезгілге арналған киім) Мата оңай жыртыла ма? (жоқ, ол жеткілікті күшті) Сондықтан киімге абай болу керек.  Айгүл тігінші болып, киім тіккенде, осы киімдерге ұқыптылықпен қарасаңыз, ол қуанады.</p> <p><b>Ұ.О Тақырыбы:</b>  <b>«Ұшты-Ұшты»</b>  <b>Мақсаты :</b> есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулу.</p>	<p><b>дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін дағдыларын қалыптастыр</b></p>
--	--	--	---	--	--

Аспанда қаздар ұшып барады,  
Есекті көріп қаздар қиқулады:  
Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!  
Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!  
Негізгі қимылдарды орындау:  
**Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу.**  
**Ойын жаттығуы:**  
«Маған қарай еңбекте!» – бір-біріне кедергі жасамау, бір-бірімен соқтығыспау.  
**Екі аяқпен секіру** (аяқты бірге қосып – аяқты алысқа қойып).  
Қуыршаққа балалардың қалай секіретінін көрсетуді ұсынады. Екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды.  
Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Кетті, кетті орамал».

**Слайд көрсету. АҚТ технологиясымен жұмыс.**  
Ернар мен Жанар балаларды қарсы алады.  
Сұрақ жасау  
Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?  
-Қандай жәндіктерден абай болу керек?  
-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?  
-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?  
**Дид ойын: «Пайдалы, зиянды»**  
**Шарты:** Табиғат аясындағы пайдалы және зиянды заттарды топтау.  
**Сергіту сәті.**  
Саңырауқұлақ болайық,  
Тізе бүгіп отырайық.  
Жаңбыр жауса көтеріліп,  
Өсіп-өсіп алайық

біріне кедергі жасамау, бір-бірімен соқтығыспау.  
**Екі аяқпен секіру** (аяқты бірге қосып – аяқты алысқа қойып). Қуыршаққа балалардың қалай секіретінін көрсетуді ұсынады.  
Екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды.  
Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Кетті, кетті орамал».  
Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады  
**Қортынды**  
**Ұ.О Тақырыбы:**  
**«Сақина салу»**

	<p><i>Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады</i></p> <p><b>Қортынды</b></p> <p><b>Ұ.О Тақырыбы:</b> <b>«Арқан тарту»</b></p> <p><b>Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.</b></p>	<p><b>Қортынды.</b></p> <p><b>Дид ойын:</b></p> <p><b>«Табиғаттағы ереже»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Сурет көрсете отырып табиғаттағы ережені түсіндіру.</p> <p>1. Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!</p> <p>2. Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма!</p> <p>3. Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!</p> <p>4. Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!</p> <p>5. Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!</p> <p><b>Ұ.О Тақырыбы:</b> <b>«Арқан тарту»</b></p> <p><b>Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.</b></p>	<p><b>Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру.</b></p>		
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	Серуенге шығу туралы балаларға	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ	Балалардың киіну реттілігін бақылау,	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру

	<i>түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.</i>	<i>киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>
<i>Серуен</i>	<b>Картотека № 3</b> <i>Жәндіктерді бақылау.</i>	<b>Картотека №6</b> <i>Желді бақылау.</i>	<b>Картотека №8</b> <i>«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»</i>	<b>Картотека №10</b> <i>Торғай мен Қарғаны бақылау.</i>	<b>Картотека № 12</b> <i>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.</i>
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>				
<i>Серуеннен оралу</i>	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<i>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.</i>	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</i>	<i>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту</i>	<i>Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.</i>	<i>Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.</i>
<i>Түскі ас</i>	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<b>Әңгіме:</b> <i>– Бізге ас әзірлеген кісіге «Рахмет» айту – әдептіліктің белгісі. Тамақты тауысып жеу –</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>– Үнемді болу – тек ас ішкенде емес, ойыншықты, киімді, заттарды дұрыс пайдалану деген сөз.</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>– Дастарқан басында тәртіпті болу – үлкенге де, кішіге де жарасады. Тағамды талғамай,</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>– Балалар, тағамды төгіп-шашпай, өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық ас алсақ, ол далаға кетіп</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты</i>

	<p>еңбекті бағалау. Үнемді болсақ, бәріміз риза боламыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламай, жан- жағымызға кедергі келтірмей отыруымыз керек. Бұл – мәдениеттілік әрі қауіпсіздік.</p>	<p>Ұқыпты адам – бәріне үлгі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде асығып жұтпаймыз, тамақты жақсылап шайнаймыз. Бұл денсаулық үшін де қауіпсіздік үшін де маңызды.</p>	<p>бізге берілген асты қадірлеп жеуіміз керек. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы қасықты бұлғап сөйлемейміз, ол басқаларға қауіпті болуы мүмкін.</p>	<p>қалады. Ысырап жасамау – ұқыптылықтың белгісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырған кезде орындықта дұрыс отыру керек. Қисайып отырсақ, ыдыс төгіліп, жарақат алуымыз мүмкін.</p>	<p>дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде жан- жағымызға алаңдамаймыз, бір- бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз.</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Ұйқыға дайындалғанда балаларды жүйелі түрде әрекет етуге баулу: киімдерін шеііп, жинақы қою. Әр баланың өз төсегін ретке келтіріп, көрпесін жамылып жатуына назар аударту.</p>	<p>Ұйықтар алдында жайлы жағдай қалыптастыру үшін бөлмеде тыныштық сақтау. Балаларға қауіпсіздік ережелерін тағы да еске салып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларға киімдерін шеішкенде ұқыптылық танытып, орындыққа немесе ілгішке дұрыс қоюды пысықтау. Өз төсектерін әдемілеп жаюға, көрпелерін дұрыстауға үйрету.</p>	<p>Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, тыныштық орнату арқылы жақсы жағдай жасау. Төсектерін өз қолдарымен ашып жатуға кеңес беру.</p>	<p>Ұйқы алдында тыныштық сақтау үшін әңгімелерді қысқарту және жайлы орта құру. Қауіпсіздік мақсатында төсектерді дұрыс қолдануға, төсек жанында артық зат қалдырмауға ескерту.</p>
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p><b>№5.</b> Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық.</p>	<p><b>№6</b> Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды</p>	<p><b>№ №7.</b> Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық</p>	<p><b>№8</b> Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тыныс алу жаттығулары Аю жүрді орманда</p>	<p><b>№ 10.</b> Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз</p>

	<i>Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.</i>	<i>Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</i>	<i>Қорбаң, қорбаң, қорбаңда Көріп қалып жидекті Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Жан-жағмымызға қарап Достарымызға күлеміз.</i>
<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
<i>Бесін ас</i>	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.	<b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.
<i>Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті- рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),</i>	<b>«Әдемі өрнектер» Міндеті:</b> Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі.	<b>Әдемі шарлар</b> Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіру. Монотопия Губка қолдану <b>Сюжетті рөлді ойын «Дәрігер»</b>	<b>Көбелек</b> Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бояулардың әртүрлі түстерін араластырып,	<b>Дене тәрбиесі</b> <b>Кіріспе бөлім. Амандасу</b> <b>Шеңбермен жүру.</b> Педагогтың артынан жүру, жүгіру. Шеңберге тұру. Балаларға жалаушалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу	<i>Қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым. Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір</i>

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p><b>Ресурстар:</b>Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер. <b>Жүргізілу барысы:</b> Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.</p> <p>«Қауіпсіздік ережесі» «Жеуге болатын саңырауқұлақты қорапқа салыңыз» <b>Мақсаты:</b> <b>Балалардың жеуге болатын және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы</b></p>	<p><b>Міндеті:</b> балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Дәрігер, емделушінің арақатынасын түсініп, ойнай алады.</p> <p>«Жол қауіпсіздігі» «Жол бойымен» <b>Міндеттері:</b> Әр түрлі көлік түрлері туралы білімдерін бекіту; зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.</p> <p>«Кішкентай тігіншілер әлемі» (Бағдарлама)</p>	<p>қағаздың ортасына көбелек бейнесін келтіре жазу, екінші бетін жауып, алақанмен сипау. Монотопия Симметриялық салу</p> <p>«Өрт қауіпсіздігі» <b>«ТӨРТІНШІ АРТЫҚ»</b> <b>Мақсаты:</b> өрттің пайда болуына себеп болуы мүмкін заттар туралы білімді бекіту .логикалық ойлауды дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.</p>	<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b> <b>Жалаушамаен</b></p> <p>1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.</p> <p>2. Аяқтары алыс қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /5 рет қайталау/</p> <p>3. Аяқтарын алыс қоя, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қоя керек. /5 рет/</p> <p>4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою 5-рет</p> <p>5. Аяқтарын алыс қоя, жалаушалар белде; 6- рет</p>	<p>бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.</p> <p><b>Көңілді добым, о , менің,</b> <b>Домалап қайда жөнелдің?</b> <b>Қызыл, сары, көгілдір,</b> <b>Жел аяқсың-ау өзің бір!</b></p>
---	---	---	--	---	--

	<i>білімдерін бекіту.</i>			<p>маршпен жүру, 10- рет секіру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен ашақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.</p> <p><b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> Балаларды мадақтау.</p> <p><b>Негізгі қимылдары:</b> 1. биіктігі 15 см заттың үстінен секіру. 2. Төрттағандап доғаның астынан еңбектеу</p> <p><b>Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»</b> Қортынды.</p>	
<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<p><b>Әлеуметтік дағдылар</b> «Рахмет» сөзін қолдануға үйрету. «Саған не ұнайды?» ойыны арқылы әңгімелесу.</p>	<p><b>Сөздік қорды дамыту</b> Жануарлардың атауын айту. Жануар дауыстарын қайталау</p>	<p><b>Әлеуметтік дағдылар</b> Амандасу, алғыс айту, кешірім сұрауды күнделікті қолдану. Өз ойын ашық айтуға жаттықтыру</p>	<p><b>Сөздік қорды дамыту</b> Сурет бойынша толық сөйлем құрату («Қыз бала гүл теріп жүр») «Қарсы сөздер» ойыны (үлкен–кіші, ұзын–қысқа).</p>	<p><b>Шығармашылық</b> Қарындашпен «Менің достарым» тақырыбында сурет салу. Мозаика құрастыру</p>
<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.</b>					

Серуенге дайындық	<b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	<b>Картотека № 3</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №6</b> Желді бақылау.	<b>Картотека №8</b> «Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»	<b>Картотека №10</b> Торғай мен Қарғаны бақылау.	<b>Картотека № 12</b> Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу	Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту	Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. Жұюыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.	Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.

<p><i>Кешкі ас</i></p>	<p><i>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)  Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою,  Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)  Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс;  этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағала</i></p>									
<p><i>Балалардың дербес әрекеттері</i></p>	<p><i>Балалардың қызығушылығымен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші ұйымдастырылған түрлі әрекет ( Ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу түрінде іске асырылады</i></p>									
<p><i>Балалардың үйге қайтуы</i></p>	<p align="center"><b>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</b></p> <table border="1" data-bbox="327 520 2213 1174"> <tr> <td data-bbox="327 520 703 1174"> <p><i>Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады.  Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді.  Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.</i></p> </td> <td data-bbox="703 520 1061 1174"> <p><i>Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады.  Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты.  Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i></p> </td> <td data-bbox="1061 520 1438 1174"> <p><i>Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды.  Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды.  Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.</i></p> </td> <td data-bbox="1438 520 1834 1174"> <p><i>Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады.  Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді.  Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.</i></p> </td> <td data-bbox="1834 520 2213 1174"> <p><i>Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады.  Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты.  Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.</i></p> </td> </tr> </table>					<p><i>Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады.  Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді.  Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады.  Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты.  Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды.  Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды.  Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады.  Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді.  Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады.  Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты.  Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.</i></p>
<p><i>Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады.  Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді.  Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады.  Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты.  Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды.  Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды.  Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады.  Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді.  Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.</i></p>	<p><i>Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады.  Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты.  Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.</i></p>						

Әлеуметтік:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы  
Қазан айының 4-аптасы

Топ: «Күншуақ» орта топ

Балалардың жасы: 3 жас

Қандай кезеңге жасалды : 20.10 – 24.10.2026ж

Апта дәйексөзі: «Отанды сую-отбасынан басталады»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу. «Айжанқыз»	Домбыра әуені – бүлдіршіннің көңілін көтеру, қазақ мәдениетіне жақындату. «Жастар бии»	Күй әуезі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату. «Кенес»	Күй күмбірі- Қоңыр домбыра үнімен баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу «Қос алқа»	Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу. «Адай»
	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, сенімді атмосфера қалыптастыру. Көңіл-күйін сұрап, қысқа сұхбат жүргізу («Бүгін өзіңді қалай сезініп тұрсың?»). Дене қызуын өлшеп, денсаулығына назар аудару. Киімдерін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға бағыттау.	Баланы жылы қарсы алып, көңіл-күйін көтеретін әңгіме қозғау. Ата-анадан баланың кешегі іс-әрекеттері туралы қысқа мәлімет алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын бақылау.	Баланы есімімен атап, жылы сөздермен қарсы алу. Көңіл-күйін бақылап, қажет болса ата-анасымен сөйлесу. Дене қызуын өлшеу, көз-құлақ жағдайын сырттай қадағалау.	Баланы жылы сөзбен қарсы алып, «бүгінгі күніңді не нәрсе қуантады?» деп сұрау. Ата-анасынан баланың таңғы асқа тәбеті туралы қысқа ақпарат алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын медициналық бақылауға алу.	Баланы есімімен атап, шағын әзіл немесе жылы сөзбен қарсы алу. Денсаулық жағдайын бақылап, қажет болса медбикеке бағыттау. Киімдерін шешкен соң, ойын бұрышына қысқаша бағыттау арқылы көңілін

<p><i>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</i></p>	<p><b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b></p>				
<p><i>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)</i></p>	<p><b>Картотека № 3</b> <b>Дид ойын:</b> <b>«Суретші қай жерде қателесті?»</b> <b>Мақсаты:</b> Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.</p>	<p><b>Картотека № 5</b> <b>Дид ойын:</b> <b>«Телефон»</b> <b>Мақсаты:</b> естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.</p>	<p><b>Картотека №10</b> <b>Дид ойын:</b> <b>Танып ал да, атын ата</b> <b>Мақсаты:</b> заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту</p>	<p><b>Картотека № 7</b> <b>Дид ойын:</b> «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.</p>	<p><b>Картотека № 19</b> <b>«Орнын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.</p>
<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</b></p>					
<p><i>Ертеңгілік жаттығу</i></p>	<p><i>Қазан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қазан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>
<p><b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b></p>					
<p><i>Таңғы ас</i></p>	<p><b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b></p>				

	<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала арқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүзгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуганда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы <b>Ойын: «Қайсысы еңбек?»</b> Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар: – Үй жинау (еңбек), – Доп тебу (ойын), – Гүл егу (еңбек), – Қуыршақпен ойнау (ойын).» <b>Мағынасы:</b></p>	<p>«Үшқыр ой алаңы» жобасы <b>Ойын: «Бір сөз – көп сөйлем»</b> Тәрбиеші бір сөз айтады (мысалы: «Дос»). Балалар кезекпен сол сөзді қатыстырған сөйлем құрайды: – «Менің досым бар». – «Досыммен ойнаймын». – «Досым маған көмектесті». <b>Мағынасы:</b> бір сөзді</p>	<p>«Қамқор» жобасы <b>Ойын: «Жақсы сөзді жалғастыр»</b> Тәрбиеші: «Мен жақсы сөз айтамын, сендер жалғастырыңдар. – «Ана ...» (балалар: «мейірімді»); – «Дос ...» (балалар: «сенімді»); – «Әке ...» (балалар: «қамқор»);» <b>Мағынасы:</b> әдемі сөйлеуге,</p>	<p>«Шабьт» жобасы <b>Ойын: «Өнерлі кім екен?»</b> Тәрбиеші: «Ән айтқысы келген кім бар? Би билегісі келген кім бар? Сурет салып көргісі келген кім бар?» – деп сұрайды. Балалар кезекпен кішкентай өнерін көрсетеді. <b>Мағынасы:</b> балаларды өз қабілетін көрсетуге,</p>	<p>«Смарт бала» жобасы <b>Ойын: «Сұрақ пен жауап»</b> Тәрбиеші: «Кімге қойылған сұраққа дұрыс әрі тез жауап береді екен? – «Аспанда не ұшады?» (құс, ұшақ). – «Түнде аспанда не жанады?» (жұлдыз, ай). – «Адамға не керек?» (су, ауа, тамақ).» <b>Мағынасы:</b> тапқырлыққа, дұрыс</p>

	<i>балаларды еңбекті ажырата білуге үйрету</i>	<i>түрлі сөйлемде қолдануға, ойды толық жеткізуге үйрету.</i>	<i>қамқорлықты сөзбен білдіруге үйрету.</i>	<i>шығармашылыққа шабыттандыру.</i>	<i>жауап беруге дағдыландыру.</i>
<i>Кестеге сәйкес ҰІӘ</i>	<i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мен зерттеушімін»- экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйғ.</i>				
	<p><b>Қызығушылықтары н ояту.</b>  <b>Таңғажайып сәт:</b>  <i>Есік қағылып, Сайқымазақ келеді. -Сәлеметсіңдер ме, балалар!</i>  <i>-Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?</i></p> <p><b>Менің сүйікті бұрышым.</b>  <b>Ой дамыту</b>  <b>Суреттермен жұмыс.</b>  <b>Гүлдер екіге бөлінеді.</b>  <b>Дала гүлдері, бөлме гүлдері.</b></p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым</b>  <b>Қызығушылықтарын арттыру:</b>  <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b>  <i>Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң, сәні бұзылады. (Гүл)</i>  <b>Ой дамыту</b>  <b>АҚТ технологиясымен жұмыс.</b> «Гүл»  <i>Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны</i></p>	<p><b>Таңғажайып сәт:</b>  <b>Маша келеді. (АҚТ технол)</b>  <i>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!</i>  <i>Ой Маша. Қош келдің!</i>  <i>Саламатсың ба? Қолыңдағы не? Маша: Менің қолымдағы – бөлме өсімдігі. Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қанша өсірсем де өспейді. Қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?</i>  <b>Тәрбиеші:</b> Маша сен ренжіме, сенің қолыңдағы гүл жасанды гүл, сол себепті ол гүл өспей</p>	<p><i>Қызығушылықты ояту.</i>  <i>Балалар бүгін мен сендердің бәріңді кішкентай ғалымдар еткім келеді.</i>  <i>Сендерге ғалым болып, жұмыс жасаған ұнай ма? Ендеше бәріміз мына сиқырлы таяқшаның көмегімен ғалым боламыз.</i></p> <p><b>Мынау біздің зертханамыз.</b>  <b>Тәжірибе №1</b>  <b>Ой қозғау.</b>  <b>Қазір қандай мезгіл? Неліктен гүлдер күзде солып қалады? Мақсаты:</b> өсімдіктің өсуінің температураға, ылғал мөлшеріне тәуелділігін анықтау.</p>	<p><b>Бақылау жұмыстары</b>  <i>Балалар тәрбиешімен бірге серуенге шығып, аулада немесе бақшада бақылау жасайды: Ағаштардың жапырақтарына, құстардың қимылына, аспандағы бұлттарға назар аударады.</i>  <b>Тәрбиеші:</b>  – Қараңдаршы, бұлттар қозғалып барады, күн бізге жылу сыйлап тұр.  – Ағаштар бізге не береді? (Жапырақ, көлеңке, таза ауа).  – Ағаштардың жапырағы қандай түсте?  – Құстардың қимылына қараңдаршы, олар не істеп жүр?  <b>Ой қозғау.</b>  – Табиғатты неге</p>

- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Дала гүлдері көктемде шығып, жаздай құлпырып тұрады, күз болып, күн суыта бастағанда олар қурап қалады. Сонымен қатар емдік гүлдер де болады. Оны үлкен топқа барғанда толық білетін боласыңдар.

**Дид ойын:**  
«Гүлдерді өсір»  
**Шарты:** Қиылған суреттерді реті бойынша тамырдан бастап құрастыру.

**«Қармақ»**

күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.

**Миға шабуыл**  
Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?  
- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?  
- Гүлдердің түсі қандай?  
- Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?

**Ой қозғау**  
**Балаларды топқа бөлу.**  
**1-топ**  
**Дид ойын: «Сиқырлы себет»**  
**Шарты:** Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.



**Сергіту сәті:**

тұр. Ал, біздің балаларымыз сізге табиғи гүлдің қалай өсетінін көрсетеді.

- Балалар біз Машаға гүлді қалай отырғызып, баптауға болатынын көрсетеміз бе?  
- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Гүлдердің де жанды табиғат, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің құрылысын қарайықшы: тамыры, сабағы, жапырағы, күлтешелері болады.

**Құрал-жабдықтар:** өсімдіктері бар кашпюль; өсімдік сабағының диаметріне сәйкес ұзындығы 3 см резеңке түтікке салынған шыны түтік; мөлдір контейнер.

**Тәжірибе барысы:**  
Суарар алдында судың температурасын өлшеп (су жылы), сабағынан қалған діңгекке су құйып, оған алдымен шыны түтік салып резеңке түтік кигізіп, бекітеді. Шыны түтіктен су ағып жатқанын бақылаңыз. Суды қармен салқындатыңыз, температураны өлшеңіз (ол суық болды), оны құйыңыз - түтікке су кірмейді.

**Қорытынды:** Күзде тамырлар суық суды

қорғауымыз керек?  
– Өсімдіктер мен жануарларға қалай қамқорлық жасай аламыз?  
**Балалардың жауаптары:**  
– Оларға су құямыз.  
– Гүлдерді сындырмаймыз.  
– Қоқыс тастамаймыз.  
Әңгіме: «Кішкентай қамқоршы»  
Ерте-ерте, ертеде бір ауылда Әли атты кішкентай бала өмір сүріпті. Әли күн сайын ауласына шығып, ойнағанды жақсы көреді екен. Оның ауласында жасыл ағаштар, түрлі-түсті гүлдер, сайраған құстар бар еді. Бір күні ол гүлдердің құрап бара жатқанын, құстардың сусыз отырғанын көрді. Әли қатты ойланды:  
– Гүлдер бізге әдемілік сыйлайды, құстар ән салады. Ал егер олар

<p><i>Шарты: Сұрақтар ілмегі арқылы жауап беру.</i></p> <p><b>Гүлдердің құрлысы:</b> тамыры, сабағы, жапырағы</p> <p><b>Дид ойын: «Гүлдер әлемі»</b></p> <p>Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу.</p> <p><b>1-топ: Дала гүлін салу.</b></p> <p>Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы трафаретпен раушан гүлінің суретін салу.</p> <p><b>2-топ: Бөлме гүлі.</b></p> <p>Геран гүлін берілген гүл отырғышқа қиып жапсыру.</p> <p><b>Тәжірибе №1.</b></p> <p><b>«Сумен және сусыз»</b></p> <p><b>Міндеті:</b> өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын</p>	<p>Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен болып өседі.</p> <p><b>2-топқа тапсырма.</b></p> <p><b>Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»</b></p>  <p><b>Суретке өз ойын айту.</b></p> <p>Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.</p> <p>шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды. Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін. Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.</p> <p><b>3-топқа тапсырма</b></p>	<p><b>Дид ойын: «Гүл отырғызамын»</b></p> <p><b>Тәжірибелік жұмыс.</b></p> <p>- Балалар, біз тәжірибе жүзінде Машаға гүлді қалай отырғызу, қалай күтіп баптау керектігін көрсетейікші. Алдымен бәріміз алжапқыш тағып алайық бағбан, галым боламыз.</p> <p>- Алдымен, гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры бар өскінді сол топыраққа отырғызамыз. Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін,</p>	<p><b>сіңірмейтіндіктен, су көп болғанымен гүлдер құрап қалады.</b></p> <p><b>Тәжірибе №2.</b></p> <p><b>Өсімдікте не болады?</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> жапырақтан су буланған кезде өсімдікке не болатынын анықтау.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b> суға малынған губка.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> Қане бәріміз секірейік. Секіргенде не сезінесіз? (ыстық); ыстық болған кезде не болады? (тер шығады, содан кейін ол жоғалады, буланады). Қолымызды су буланып кететін жапырақ деп елестетейік. Губканы суға салып, білектен ұстау. Қандай сезімдер болып жатыр? (суық сезіну).</p>	<p>қурап, жоғалып кетсе, ауламыз да көңілсіз болып қалады ғой, – деді ол.</p> <p>Осы кезде ауылдың әжесі жолдан өтіп бара жатып, Әлидің жүзін мұңайып отырғанын көрді. Жақындап келіп, мейіріммен сөйледі: – Балам, табиғат – Алланың бізге берген аманаты. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Егер сен гүлге су құйып, құстарға жем берсең, табиғат та саған қуаныш сыйлайды, – деді.</p> <p>Әли әжесінің сөзін тыңдап, бірден су әкеліп гүлдерге құйды, құстарға дән шашты. Гүлдер қайта жайқалып, құстар шаттана ән салды. Әлидің жүзі бал-бұл жанып: – Табиғат та бізге қамқор болса, біз де</p>
---	--	--	--	---

(су, жарық, жылу)  
бөліп көрсету.

**Құрал-жабдықтар:**  
екі бірдей өсімдік  
(бальзам), су.



**Тәжірибе барысы:**  
Өсімдіктердің  
неліктен сусыз өмір  
сүре алмайтынын  
анықтау (өсімдік  
қурап қалады,  
жапырақтары  
қурайды,  
жапырақта су бар);  
бір өсімдік  
суарылып, екіншісі  
суарылмаса не  
болады (суармаса  
өсімдік кеуіп,  
сарғайып,  
жапырақтары мен  
сабағы икемділігін  
жоғалтады т.б.)?  
Біз бір апта ішінде  
суаруға байланысты  
өсімдіктердің күйін  
бақылау

**Дид ойын: «Гүлді  
ретімен құрастыр»**

**Шарты:** Фетр  
материалдан  
жасалған гүл  
құрлысын ретімен  
кнопқа арқылы  
құрастыру

**Тәжірибе алаңы  
Кішкентай  
ғалымдар.**

**«Гүл қайда жақсы  
өседі?»**

**Міндеті:**  
өсімдіктердің өсуі  
мен дамуына қолайлы  
жағдайларды  
анықтау,  
өсімдіктердің  
топыраққа  
тәуелділігін негіздеу.

**Құрал-жабдықтар:**  
екі бірдей кесінді, су  
құйылған ыдыс,  
топырақ, өсімдік  
күтіміне арналған  
заттар.

**Тәжірибе барысы:**  
Топырақсыз  
өсімдіктер ұзақ өмір  
сүре алатынын  
анықтаңыз? (мүмкін

топырағын  
қопсытамыз.  
Тәрбиеші Машамен  
бірге гүлге су құйып,  
топырағын  
қопсытып көрсетеді.  
Маша Рахмет  
балалар!  
Тәрбиеші: -  
Жарайсыңдар! – Енді  
отырғызған гүлімізді  
терезе алдына  
қоямыз. Гүлдер күннің  
көзін жақсы көреді.  
Машаға сыйлық  
ретінде гүл жасап  
берейік.

**Дид ойын: «Гүл  
сыйлаймыз»  
Балаларды топқа  
бөлу**

**1-топ:** Үлкен құмыра  
құрастыру.

**2-топ:** Гүлдерді бояу.

**3-топ:** Құмыраға  
гүлдер жапсыру.

**4-топ:** Гүл қоятын  
стол мүсіндеу.

Бәрі бірге тақпақ  
айту

Гүл өсірдім бөлмеме  
**Болат Үсенбаев**

**Жапырақтардан су  
буланғанда не  
болады? (олар  
мұздайды)  
Не өзгерді?  
Мақсаты:**  
Жапырақтан су  
буланғанда олардың  
мұздайтынын  
дәлелдеу.

**Тәжірибе  
қортындысы.**  
Термометрді алып,  
дымқыл шүберекпен  
орап, жылы жерге  
қою. 5-10 минуттан  
кейін

температураның неге  
төмендегенін  
тексеру? Матадан су  
буланған кезде  
салқындау пайда  
болады.

Салқын болғанда  
өсімдіктің өсуі  
бәсеңдейді.

**Ой қозғау.**

- Гүлдердің ұзақ  
уақыт ауырмай,  
жайқалып тұруы  
үшін не істеу керек?  
- Күтіп - баптау

оған қамқор болуымыз  
керек екен, – деді.  
Содан бастап Әли  
достарына да  
табиғатты қорғауды  
үйретіп, ауылдағы  
кішкентай қамқоршы  
бала атаныпты.

**Ойын әрекеттері –  
«Табиғат сыйы»**

Балаларға суреттер  
немесе ойыншықтар  
беріледі: күн, жаңбыр,  
гүл, құс, қоқыс.

**Тапсырма:** табиғатқа  
пайдалысын оң қолына,  
зияндысын сол қолына  
алу.

**Еңбек әрекеті**

Балалар шағын топпен  
жұмыс істейді:

Бір топ гүлге су құяды;  
Бір топ құм алаңын  
тазалайды;


Бір топ құстарға дән  
салады.

**Қорытынды:**

«Табиғатқа қамқор  
болсақ, ол бізге әдемілік  
пен қуаныш сыйлайды».

нәтижелерін шығару.

**Қорытындылаймыз**  
Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды.  
**Сайқымазақ** не деген керемет балар рақмет сендерге, мен үйіме барып, гүлдерімді өсіремін Су болыңдар.  
**Дид ойын:** «Гүлге су құямыз»



**Шарты:** Гүлдерге су құятын Ыдысты мүсіндеу.

**Тақпақ**

Гүлім, гүлім, өсе бер,  
Әдемі боп, асыл боп.  
Күндей жайнап кете бер,  
Қызыл, сары, жасыл боп.

**Қорытынды.**

-Балалар, бүгін бізге кім келді?  
-Біз оған не өсіруге көмектестік?

емес); олар қай жерде жақсы өседі - суда немесе топырақта?


Герань шламын әртүрлі контейнерлерге салыңыз – суға және топыраққа. Бірінші жаңа жапырақ пайда болғанша оларды бақылау;

**Қорытынды:** топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.

**Дид ойын:** «Гүлді алқап»

**Балаларды топқа бөлу.**

**1-топ:** Берілген гүлді гуашь арқылы бояу



**2-топ:** Берілген гүлді түрлі – түсті

Көркі болған үйімнің, Гүлді көрсем сүйіндім.

Қызыл, аппақ гүлдерім Күнменен мың құбылды.

**Маша балаларға рақмет айтып қоштасады.**

**Тәжірибе №2**

**ӨСІМДІКТЕРГЕ ҚОРҒАНУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

**Міндеті:**

Өсімдіктердің қоректенуі үшін жарықтың қажеттілігін анықтау

**Материал:** Қатты жапырақтары бар бөлме өсімдіктері (фикус, крассула) гипс.

**Жұмыс барысы:**

Балалардың болжамдары тәжірибе арқылы тексеріледі: жапырақтың бір бөлігі гипспен жабылады, өсімдік

керек. Гүлдерді жұлмау керек.

Гүлдерді баспау керек.

Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. Олардың көптеген түрлері болады. Түстері де әр түрлі болады.

Гүлдер біздің досымыз.

**Сұрақ – жауап.**

Сендерге галым болған ұнады ма?

Нені зерттедік?

Балаларды мадақтау.

**Ұ.О Тақырыбы:**

«Соқыр теке»

**Мақсаты:** Балаларды дыбысты естуге сезініге үйрету.

**Балаларды сынау арқылы тану.**

**Шығармашылық жұмыс**

Балаларға бояу, түрлі-түсті қарындаш беріледі.

**Тапсырма:** «Мен табиғатты сүйемін» суретін салу.

Кейбірі гүл, кейбірі ағаш, кейбірі жануар бейнелейді.

**Тәжірибелік жұмыстар**

Балалармен шағын тәжірибе:

Бір құмырадағы өсімдікке су құйылады, екіншісіне құйылмайды.

**Тәрбиеші:**

– Қай өсімдік ұзақ өмір сүреді? (Балалар – су құйған өсімдік).

**Қорытынды:** табиғатта қамқорлықты қажет етеді.

**Қорытынды бөлім**

Балалар шеңберге жиналып, мына сөздерді қайталайды: «Табиғат – біздің

-Бөлме гүлдеріні не үшін қажет деп ойлайсыңдар?  
Балаларды бағалау, мақтау, мадақтау.


**Дене тәрбиесі**  
**Кіріспе бөлім.**  
**Амандасу**  
**Шеңбермен жүру.**  
Педагогтың артынан жүру, жүгіру.  
Шеңберге тұру.

Балаларға жалаушалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу

**Негізгі бөлім**  
**Жалпы даму жасамтызулары**  
**Жалаушамаен**

**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.  
**2.** Аяқтары алысқа қойылған,

ермексаз жағу арқылы әсемдеу



**3-топ:** Себетке гүлдер жапсыру.



**Тақпақ**  
Қызыл жасыл гүл егіп,  
Баптап, күттік, түрлеттік.  
Қалмасын деп қуарып,  
Апта сайын суардық.  
Гүлдендірдік ауланы,  
Аулада гүл қаулады.

**Сылдырмақ.**  
**Балаларды шеңберге шақыру.**

Сұрақ – жауап  
**Рефлексия**  
Балаларды мадақтау.  
Смайлктер беру

**Қазақ тілі**

бір апта бойы жарық көзіне қойылады.

**Бір аптадан кейін балалар қорытынды жасайды:** жарықсыз өсімдіктерде тамақтану қалыптаспайды. Өйткені гипстелген жапырақта өсу тоқтатылған.

**Дене тәрбиесі**  
**Кіріспе бөлім.**  
**Амандасу.**

Ойын гимнастикасы  
Алақанды ашайық,  
Шапалақты соғайық.  
Шап-шап-шапалақ.  
Шап-шап-шапалақ.  
Кәне, маған қара,  
Бәрін бірдей қайтала.  
Бір-екі-үш, бір-екі-үш,  
Бәрін бірдей қайтала.  
(барлық қимылды).  
Оң аяқ, сол аяқ,  
Қаз-қаз бастық біз  
аздап **Топ-топ-топ,**  
**топ-топ-топ.** Кәне,  
қол, кәне аяқ?  
Ойнайықшы біз  
аздап. (Қол-аяқпен

**досымыз. Біз оны қорғаймыз!»**

**Ұ.О Тақырыбы:**  
**«Түйе-түйе»**  
**Мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа тәрбиелеу.

<p>жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет қайталау/ <b>3. Аяқтарын алышқы қою, жалаушалар екі жақта жерде.</b> Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /5 рет/ <b>4. Аяқты бірге, денені тік ұстау.</b> Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою 5-рет <b>5. Аяқтарын алышқы қою, жалаушалар белде; 6- рет маршипен жүру, 10-рет секіру.</b> <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен</p>	<p><b>Тақырыбы:Алтын күз</b> <b>Ой қозғау.</b> <b>Мнемокестемен жұмыс.</b> <b>Күз туралы суреттер.</b> -Күзде күн қандай болады? Жапырақтар неге түсіп жатыр? Түстері қандай -Адамдар қалай киінген? <b>Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?»</b> <b>Шарты:</b> суреттерден күз мезгілін көрсете білу. <b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> Ер-ер-ер Жемістерді тер Сұрағанын бер. Ән-ән-ән Қамба толы дән Әжем айтқан ән. <b>III.Ой дамыту.</b> Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау.</p>	<p>еркін қимылдар жасалады) Бір-екі-үш,бір-екі-үш, Ойнайықшыбіз аздап. <b>Негізгі бөлім</b> <b>Жалпы дамытатын жаттығулар</b> <b>Құралсыз</b> <b>1. Аяқтары алышқы қойылған , қолдары төменде.</b> Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. 5 р <b>2. Аяқтары алышқы қойылған , қолдары бүйірде.</b> 1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек. <b>3. Аяқты алышқы қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып ,тұру. 5 рет</b> <b>4. Аяқтары алышқы қойылған , қолдары бүйірде.</b> 1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алышқы ұстап секіру .</p>		
---	--	--	--	--

<p>алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.</p> <p><b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> Балаларды мадақтау.</p> <p><b>Негізгі қимылдары:</b> 1. биіктігі 15 см заттың үстінен секіру. 2. Төрттағандап доғаның астынан еңбектеу Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Қортынды</p> <p><b>. Ұ.О Тақырыбы:</b> <b>« Көкпар»</b></p> <p><b>Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Ойын</b></p>	<p><b>Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»</b> Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп. Көз тартады жалбырап <b>Қортынды Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Ұ.О Тақырыбы:</b> <b>«Теңге ілу»</b> <b>Мақсаты: Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Баланы шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</b></p>	<p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимылдарды орындау: <b>1.Алға қарай екі аяқпен секіру.</b>Қояндар бейнеленген суреттерді (слайдты) көрсетеді. Тапсырманы түсіндіреді – өз жұбына секіріп барады да, оған қолын тигізеді, сосын жылдам өз орнына жүгіріп барады. Нұсқау – бір мезетте екі аяқпен бар жігерімен итерілуі керек. 2.Тіке бағытта төрттағандап еңбектейді. Аюлар бейнеленген суретті көрсетеді.«Аюлар!»</p>		
---	--	---	--	--

	<p><i>арқылы баланы батырлыққа, күштілікке, ептілікке баулу.</i></p>		<p><i>деген дауыс естілгенде, залдың қарама- қарсы жағына төрттағандап еңбектейді.</i>  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қонаққа барайық».</b> Екі топқа бөлінеді, бірінші топтың екінші топқа қонаққа баруына ұсыныс жасайды.  <i>Жұптасуға көмектеседі.</i>  <i>Жұптарға музыка әуенімен көңіл көтеруге ұсыныс жасайды.</i>  <b>Қортынды</b></p>		
<p><i>Серуенге дайындық</i></p>	<p align="center"><b><i>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</i></b></p>				
	<p><i>Балаларға серуен алдында өз ойыншықтары мен кітаптарын орнына қоюды үйрету. Киімдерін ұқыпты киюге баулу: бас киімді дұрыс кию, шарфын тағу.</i></p>	<p><i>Серуенге шығар алдында әңгіме жүргізу Жеңіл күртеше мен қалың күртені ажыратуды түсіндіру. Киімін дұрыс іліп қоюға баулу.</i></p>	<p><i>Серуен алдында бөлмені жинақтап, үстел үстіндегі заттарды орнына қоюға үйрету. Қолғап, бас киім, шарфты дұрыс қолдануды көрсету.</i></p>	<p><i>Балаларға серуенге шыққанда денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру (суықтап қалмау үшін жылы киіну). Киімдерін рет-ретімен киюге дағдыландыру:</i></p>	<p><i>Серуен алдында бір-біріне көмектесу: достарына жәрдемдесу. Жейденің түймесін дұрыс қадап, күртенің ілгегін жабуды қадағалау.</i></p>

	<i>Серуен кезінде тәртіп сақтау, асықпай жүру туралы әңгімелеу. Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге баулу.</i>	<i>Балаларды топпен бірге жүруге, тәрбиеші сөзін тыңдауға дағдыландыру.</i>	<i>Аяқ киімнің бауын дұрыс байлауды бекіту. Қатармен жүргенде тыныштық сақтауды қадағалау.</i>	<i>алдымен ішкі киім, содан кейін сырт киім. Шалбар мен белдемшені дұрыс киюді бақылау. Серуенге шыққанда тәртіп бұзбауды, тәрбиешіден алыс кетпеуді ескерту.</i>	<i>Аяқ киімін дұрыс шешіп, икафқа ұқыпты қоюды үйрету. Серуен кезінде табиғатты бақылау және жолдастарымен мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</i>
<i>Серуен</i>	<b><i>Картотека № 10</i></b> <i>Торғай мен Қарғаны бақылау</i>	<b><i>Картотека № 11</i></b> <i>Күнді бақылау.</i>	<b><i>Картотека №14</i></b> <i>ауа- райын бақылау</i>	<b><i>Картотека №12</i></b> <i>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.</i>	<b><i>Картотека №20</i></b> <i>Жәндіктерді бақылау.</i>
<b><i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</i></b>					
<i>Серуеннен оралу</i>	<b><i>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</i></b>				
	<b><i>Серуеннен оралу:</i></b> <i>Балаларға киімдерін реттілікпен шешіп, өз сөрелеріне ұқыпты жинауды үйрету.</i> <b><i>Тазалық процедуралары:</i></b> <i>Балалардың қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету. Тазалық пен</i>	<b><i>Серуеннен оралу:</i></b> <i>Балаларға киімдерін шешіп, сөрелеріне жинаудың маңызын түсіндіру.</i> <b><i>Тазалық процедуралары:</i></b> <i>Қолдарын сабындап жуып, сүлгілерін қолдануды талап ету. Балаларды тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.</i>	<b><i>Серуеннен оралу:</i></b> <i>Киімдерін шешкеннен кейін ұқыптап бүктеп, өз орнына қоюды үйрету.</i> <b><i>Тазалық процедуралары:</i></b> <i>Әр бала қолын сабындап жуып, сүлгісін қолдануға үйренеді. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</i>	<b><i>Серуеннен оралу:</i></b> <i>Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, икафтағы орнына жинауға үйрету.</i> <b><i>Тазалық процедуралары:</i></b> <i>Қолдарын мұқият сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртіруді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.</i>	<b><i>Серуеннен оралу:</i></b> <i>Киімдерін ретімен шешіп, сөрелеріне жинауға, ұқыпты болуға үйрету. Егер киімдері кір болса, тәрбиешіге көрсетуге дағдыландыру.</i> <b><i>Тазалық процедуралары:</i></b> <i>Қолдарын сабындап жуып, жеке сүлгісін пайдалануын қадағалау.</i>

	<p>ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды шашпай, әдеппен қолдануды түсіндіру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Барлық балалардың қолдарын жууын қадағалап, тамаққа ұқыптылықпен дайындалуға дағдыландыр</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну барысында суды үнемді пайдаланып, шашпауға баулу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын мұқият жуып, ас ішуге таза отыруға дағдыландыру.</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Балаларды сумен ойнамауға, жуыну кезінде тәртіп сақтауға шақыру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тамаққа бармас бұрын балалардың толықтай қол жуғанын тексеру.</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді шашпауға үйрету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын бақылау.</p>	<p>Балаларды әдептілікке, тазалыққа баулу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде сумен ойнамауды, тәртіпті сақтауды ескерту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тазалықты сақтап, ұқыпты түрде түскі асқа дайындалуға бағыттау.</p>
<i>Түскі ас</i>	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс.</p> <p><b>Кеңес:</b> Тамақтың әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тауысып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз,</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз</p>

	<i>жағдайдың алдын алады.</i>			<i>өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.</i>	
<i>Күндізгі ұйқы</i>	<i>Ұйықтар алдында балалардың киімдерін ұқыппен жинап қоюына көңіл бөлу. Өздерінің төсек-орнын дайындап, ыңғайлап жатуға дағдыландыру. Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, таза ауа кіргізу. Балаларға төсекке жатарда артық әңгімелеспей, тыныш жатуды үйрету</i>	<i>Балаларды бірізділікпен киімдерін шешіп, орындыққа немесе шкафқа қоюға дағдыландыру. Ұйықтар алдында төсектерін мұқият жаяуға бағыт беру. Бөлмеде тыныштық пен жайлы ахуал қалыптастыру. Ұйықтар алдында асықпай, сабырмен әрекет етуге кеңес беру.</i>	<i>Киімдерін шешкенде балалардың ұқыпты әрекет етуіне назар аударту. Ұйықтар алдында өз төсек-орнын дұрыстап дайындап жатуды пысықтау. Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, тыныштық орнату арқылы ұйқыға қолайлы жағдай жасау. Балаларға төсек жанында ойнамауды, қауіпсіздікті сақтау керектігін еске салу.</i>	<i>Балаларды ұйықтар алдында киімдерін ретімен шешіп, әдемілеп бүктеуге үйрету. Әрқайсысының өз төсегін жайып, жастығы мен көрпесін дұрыс орналастыруын қадағалау. Балаларға төсекке дұрыс жатуды және артық қозғалыс жасамауды ескерту</i>	<i>Киімдерін шешкен соң, әр баланың өз орнында реттеп қоюын қадағалау. Төсегін дұрыстап жаяуға, жастық пен көрпесін орнықтырып жатуға бағыттау. Балаларға қауіпсіздік ережелерін тағы бір рет еске салу және ұқыпты болуға үйрету.</i>
<i>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</i>	<b>№14. 1.Ояну</b> <i>Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.</i>	<b>№16 1.Ояну</b> <i>Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар</i>	<b>№15. 1.Ояну</b> <i>Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.</i>	<b>№13. 1.Ояну</b> <i>Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.</i>	<b>№12. 1. Ояну</b> <i>Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</i>
<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</b>					

	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
<i>Бесін ас</i>	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Асты ысырап етпей, аздап алып, тауысып жеу – жақсы әдет. Артық қалған тамақ төгілсе, ол – еңбекті бағаламау болып саналады.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақты асығып жұтпаймыз, жақсылап шайнаймыз. Бұл – ас қорытуға пайдалы әрі қауіпсіздік ережесі</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әдепті бала дастарқан басында тәртіп сақтайды, тамақты тыныш ішеді. Тамақ үстінде ойнамай, қасындағы адамдарға құрметпен қарайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз. Оларды сермеп, бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішкенде дұрыс отырып, тәртіп сақтайық. Үстелде қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты дауыстап сөйлемейміз. Бұл – өзімізге де, қасымыздағы балаларға да қауіпсіз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әр тағам – еңбектің жемісі. Артық алып қалдырмай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Асқа құрметпен қараған бала – тәрбиелі бала.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде орыннан тұрып кетпейміз, ойнап жүгірмейміз. Бұл – жарақаттың алдын алады.</p>
<i>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап</i>	<p><b>Дид ойын:</b> «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер» <b>Шарты:</b> гүлзарға топырақтың орнына, қарақұмық жармасын салады. Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға отырғызуды ұсыну.</p>	<p><b>Дид ойын:</b> «Аңдардарды үйлеріне орналастыр» -Мына үйлер қандай? -Үлкен үй неше қабатты? - Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер?</p>	<p><b>Шығармашылық орталық.</b> Мен суретші боламын Қолға қалам аламын Табиғаттың байлығын Ақ қағазға саламын. Балаларды топқа бөлу, шығармашылық жұмыс.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Кіріспе бөлім. Амандасу. Ойын гимнастикасы Алақанды ашайық, Шапалақты соғайық. Шап-шап-шапалақ. Шап-шап-шапалақ. Кәне, маған қара, Бәрін бірдей қайтала. Бір-екі-үш, бір-екі-үш, Бәрін бірдей қайтала.</p>	<p><b>Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау)</b> Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? -Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? - жаңбыр, найзағай, жел, жапырақтардың сыбдыры -Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың</p>

<p>қарау және басқалары)</p>	<p>Оған көбелектер мен гүлдерді орнату.  <b>Дид ойын:</b> «Ретімен қою»  <b>Шарты:</b> сөреге 2 гүл, ал жоғарғы сөреге 3 гүл отырғызғыш қою.  <b>Ашық сұрақ</b>  «Гүл қанша? Горшок нешеу? Қайсысы көп (аз): гүл ма, әлде горшок пе? 2аз ба, әлде 3 аз ба? Олардың санын тең болуы үшін не істеу керек?»  <b>Тақпақ</b>  <b>Гүлдер</b>  <b>Гүльнази Назарова</b>  Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,  Қандай сұлу көпсіңдер.  Тербелесің жай гана Желмен бірге шайқала.  Өсіңдерші жайқала.  Гүлім, гүлім, гүлімсің,  Қандай әсем, сұлусың.</p>	<p>-Кішкентай үйде не тұрады?  <b>Дид ойын:</b> «Алға – артқа, оңға – солға» Сюжетті суреттермен жұмыс.  <b>Дид ойын:</b> «Кім тапқыр»  <b>Жұмбақтар сыры</b>  Су құйсаң болды Кетеді бойлап Әдемі жұпар, Не? Көрші ойлап?!  Гүл  Шуақты жақсы көреді,  Шырайланып күледі. (Гүл)  Мұзастындақыстайды,  Жасылтонынтыстайды.  (Гүл)  <b>Миға шабуыл.</b>  <b>Логикалық есептер.</b>  -Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек?</p>	<p><b>1-топ: Дид ойын:</b>  <b>«Күзгі табиғат»</b>  <b>Шарты:</b> Пейзаж құрастыру. Өз ойын айту.  <b>2-топ: Дид ойын:</b>  <b>«Гүлдер натюрморты»</b>  <b>Шарты:</b> Себетке әр түрлі гүлдерді жапсыру.  <b>3-топ: Дид ойын:</b>  <b>«Гүлді көйлек»</b>  <b>Шарты:</b> Көйлектегі гүлдерді мақта таяқшасымен бояу.  <b>4-топ: Дид ойын:</b>  <b>«Гүл күлтелері»</b>  <b>Шарты:</b> Гүлдің әр күлтесіне  ермексазды жазу арқылы әсемдеу.  Гүл өсірдім бөлмеме  <b>Болат Үсенбаев</b>  Үлгі болып өзгеге,  Гүл өсірдім бөлмеме.  Сұлулықтың</p>	<p>(барлық қимылды).  Оң аяқ, сол аяқ,  Қаз-қаз бастық біз  аздап <b>Топ-топ-топ,</b>  <b>топ-топ-топ.</b> Кәне,  қол, кәне аяқ?  Ойнайықшы біз  аздап. (Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады)  Бір-екі-үш, бір-екі-үш,  Ойнайықшыбіз аздап.  <b>Негізгі бөлім</b>  <b>Жалпы дамытатын жаттығулар</b>  <b>Құралсыз</b>  <b>1.</b> Аяқтары алишақ қойылған , қолдары төменде.  Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. 5 р  <b>2.</b> Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде.  1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек.  <b>3.</b> Аяқты алишақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып ,тұру. 5 рет</p>	<p>барлығы табиғат құбылыстарына жатады.  Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.  <b>Құммен сурет салу ережесін түсіндіру.</b>  құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.  <b>Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысыт.б</b>  <b>Тақпақ: Табиғат</b>  Табиғат біздің анамыз,  Жер–Ана біздің панамыз.  Таза болса табиғат Біз де аман боламыз.  <b>Ой қозғау.</b>  «Неге біз орманмен доспыз?  Ал бұл адамдарға не үшін қажет?  Орман ережелерін білеміз бе?  <b>Ереже</b></p>
------------------------------	---	---	--	---	---


	<p><b>«Жол қауіпсіздігі»</b>  <b>«Дұрыс белгіні табыңыз»</b>  <b>Мақсаты: Жол белгілері, жол қозғалысын бақылау құралдары туралы білімдерін бекітуді жалғастыру.</b></p>	<p>-Дөңгелекте неше бұрыш бар?  -Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді?  - Үй қандай пішіндерден тұрады?  Құрт қандай пішіндерден тұрады?  - Машина қандай пішіндерден тұрады?</p> <p><b>«Қауіпсіздік ережесі»</b>  <b>«Дұрыс белгіні табыңыз»</b>  <b>Мақсаты: Жол белгілері, жол қозғалысын бақылау құралдары туралы білімдерін бекітуді жалғастыру.</b></p> <p><b>«Кішкентай тігіншілер әлемі»</b>  <b>(Бағдарлама)</b></p>	<p>сыйлығын  Апарамын көрмеге.</p>	<p><b>4. Аяқтары алыс қойылған , қолдары бүйірде.</b>  <b>1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алыс ұстап секіру .</b>  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  Бастапқы қалыпқа келу.  <b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  <b>1.Алға қарай екі аяқпен секіру.</b>Қояндар бейнеленген суреттерді (слайдты) көрсетеді.  Тапсырманы түсіндіреді – өз жұбына секіріп барады да, оған қолын тигізеді, сосын жылдам өз орнына жүгіріп барады.  Нұсқау – бір мезетте екі аяқпен бар жігерімен итерілуі керек.</p>	<p>Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.  Орманда қоқыс қалдырмаңыз.  Құстардың ұяларын бұзбаңыз.  Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.  - Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Топтастыр»</b>  <b>Шарты:</b> Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау.  <b>Балаларды топқа бөлу.</b>  <b>1-топ:</b> Өлі табиғатқа жататын заттардың бөлігін құрастырып, жапсыру.  <b>2-топ:</b> Қорапты жасылға бояу. Тірі табиғат заттарының жасыл қорапқа салу.  Балаларды мадақтау.  <b>«Өрт қауіпсіздігі»</b>  <b>«Ойнайтын заттар»</b></p>
--	--	---	--	---	---

				<p>2.Тіке бағытта төрттағандап еңбектейді. Аюлар бейнеленген суретті көрсетеді.«Аюлар!» деген дауыс естілгенде, залдың қарама- қарсы жағына төрттағандап еңбектейді. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қонаққа барайық».</b> Екі топқа бөлінеді, бірінші топтың екінші топқа қонаққа баруына ұсыныс жасайды. Жұптасуға көмектеседі. Жұптарға музыка әуенімен көңіл көтеруге ұсыныс жасайды. <b>Қортынды</b></p>	<p><b>Мақсат. Зейінін, ойлауын дамыту; өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту.</b></p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>«Кім тез табады?»</b> – Бөлмеден «қызыл затты тап», «дөңгелек затты көрсет» деп тапсырма беріледі. – Бала тез табуға тырысады.</p>	<p><b>«Көлеңкені тап»</b> – Заттың суреті және оның көлеңке бейнесі беріледі (доппен оның көлеңкесі). – Бала суретті көлеңкемен сәйкестендіреді.</p>	<p><b>«Қай дыбысты естідің?»</b> – Тәрбиеші қоңырау, барабан, қасықты тықылдатып дыбыс шығарады. – Бала дыбысты тыңдап, «Бұл не?»</p>	<p><b>«Сиқырлы қап»</b> – Қапшықтың ішіне түрлі ойыншық немесе зат салып қоямыз (алма, қасық, кубик, доп). – Бала қолымен сипап, затты атамай табуы</p>	<p><b>«Сиқырлы сурет»</b> – Ақ қағазға қарапайым суретті (күн, гүл, үй) басталып қойылады. – Бала бояумен толықтырып шығады. <b>Мақсаты: қиял мен</b></p>

	<b>Мақсаты:</b> <i>түстерді, пішіндерді ажырату, зейінін шоғырландыру.</i>	<b>Мақсаты:</b> <i>логикалық ойлау, салыстыру.</i>	<i>деп табуы керек.</i> <b>Мақсаты:</b> <i>есту қабілеті мен зейінді дамыту.</i>	<i>керек.</i> <b>Мақсаты:</b> <i>сезім мүшелерін, ойлауын дамыту.</i>	<b>шығармашылықты дамыту.</b>
<i>Серуенге дайындық</i>	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	<i>Серуен алдында: тәртіпті қайталау. Мақсат: қатармен жүру, қол ұстасып жүру, тәрбиешіні тыңдау.</i>	<i>Серуен алдында: әдемілікке тәрбиелеу. Мақсат: әдемі табиғатты көру, суреттеп айту.</i>	<i>Серуен алдында: табиғатты бақылау. Мақсат: құстардың дауысын тыңдау, жапырақтың сыбдырын есту.</i>	<i>Серуен алдында: жолдастық көмек жайлы айту. Мақсат: досының киінуіне көмектесу.</i>	<i>Серуен алдында: тазалық мәдениеті туралы айту. Мақсат: шалшыққа түспеу, қолын сүрту.</i>
<i>Серуен</i>	<b>Картотека № 10</b> <i>Торғай мен Қарғаны бақылау</i>	<b>Картотека № 11</b> <i>Күнді бақылау.</i>	<b>Картотека №14</b> <i>ауа- райын бақылау</i>	<b>Картотека №12</b> <i>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.</i>	<b>Картотека №20</b> <i>Жәндіктерді бақылау</i>
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>				
<i>Серуеннен оралу</i>	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<b>Серуеннен оралу:</b> <i>Балаларға киімдерін реттілікпен шешіп, өз сөрелеріне ұқыпты жинауды үйрету. Тазалық процедуралары:</i> <i>Балалардың қолдарын</i>	<b>Серуеннен оралу:</b> <i>Балаларға киімдерін шешіп, сөрелеріне жинаудың маңызын түсіндіру. Тазалық процедуралары:</i> <i>Қолдарын сабындап</i>	<b>Серуеннен оралу:</b> <i>Киімдерін шешкеннен кейін ұқыптап бүктеп, өз орнына қоюды үйрету. Тазалық процедуралары:</i> <i>Әр бала қолын сабындап жуып,</i>	<b>Серуеннен оралу:</b> <i>Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, шкафтағы орнына жинауға үйрету. Тазалық процедуралары:</i> <i>Қолдарын мұқият</i>	<b>Серуеннен оралу:</b> <i>Киімдерін ретімен шешіп, сөрелеріне жинауға, ұқыпты болуға үйрету. Егер киімдері кір болса, тәрбиешіге көрсетуге дағдыландыру.</i>

	<p>сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды шашпай, әдептен қолдануды түсіндіру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Барлық балалардың қолдарын жууын қадағалап, тамаққа ұқыптылықпен дайындалуға дағдыландыр</p>	<p>жуып, сүлгілерін қолдануды талап ету. Балаларды тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну барысында суды үнемді пайдаланып, шашпауға баулу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын мұқият жуып, ас ішуге таза отыруға дағдыландыру.</p>	<p>сүлгісін қолдануға үйренеді.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Балаларды сумен ойнамауға, жуыну кезінде тәртіп сақтауға шақыру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тамаққа бармас бұрын балалардың толықтай қол жуғанын тексеру.</p>	<p>сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді шашпауға үйрету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын бақылау.</p>	<p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, жеке сүлгісін пайдалануын қадағалау. Балаларды әдептілікке, тазалыққа баулу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде сумен ойнамауды, тәртіпті сақтауды ескерту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тазалықты сақтап, ұқыпты түрде түскі асқа дайындалуға бағыттау.</p>
<p>Кешкі ас</p>	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)</p> <p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі,</p> <p>Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,</p> <p style="text-align: center;">Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)</p> <p style="text-align: center;">Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті</p>	<p>Балалардың таңдау бойынша ысығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, күзгі жапырақтардың</p>	<p>Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр»</p>	<p>Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар» психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар</p>	<p>Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен</p>	<p>Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар» психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар</p>

	<i>коллажы.</i>			<i>жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сұрту қабілетін қалыптастыру</i>	
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<b><i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i></b>				
	<i>Бүгін балалар қазақтың ұлттық ойындарымен танысты. Достарымен ойнау арқылы бір-біріне құрмет көрсетуді үйренді. Үйде қарапайым ұлттық ойындарды бірге ойнасаңыздар, баланың қызығушылығы артады.</i>	<i>Бүгін балалар серуен кезінде айналаны бақылап, жапырақтарды жинады. Табиғатқа қызығушылық танытып, ұқыптылыққа үйренді. Үйде бірге жиналған жапырақтардан немесе гүлдерден шағын бұйымдар жасауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар түрлі геометриялық пішіндермен ойнады. Заттарды салыстыру, сәйкестендіру дағдыларын көрсетті. Үйде ойыншықтар немесе тұрмыстық заттар арқылы пішіндерді атауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар түрлі дыбыстарды тыңдап, қай жануарға немесе затқа тән екенін ажыратты. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға тырысты. Үйде табиғат дыбыстарын немесе музыка тыңдап, бірге талқылау пайдалы болады.</i>	<i>Бүгін балалар кітап бетінен суреттерді қарап, әңгіме құрастырды. Ой қорытып, өз қиялын әңгімеге айналдыруға талпынды. Үйде бірге кітап оқып, суреттер бойынша сұрақ қоюды әдетке айналдырсаңыздар жақсы.</i>

Әлсіздеріңізді: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы  
Қазан айының 4-аптасы (қайталау)**

**Топ:** «Күншұақ» орта топ

**Балалардың жасы:** 3 жас

